



"ЖАСТАР" ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР "МОЛОДЕЖЬ"  
SCIENTIFIC RESEARCH CENTER "YOUTH"

# ДАЙДЖЕСТ НОВОСТЕЙ В СФЕРЕ МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ



**14.09.2018 – 24.09.2018**

## СОДЕРЖАНИЕ

### КАЗАХСТАНСКИЕ СМИ

Жастар Астанадағы Кенесары сарбаздары жерленген қорымды тазалады -----	5
Осы күзде 17 мың азамат Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады--	6
Студенты университета Нур-Мубарак и прихожане мечети Алматы отметили День города-----	7
Тридцать три стажера получают работу в АО «Самрук-Қазына»-----	8
Студенты политехнического университета живут в подвалах и читальных залах в Алматы -----	9
Русский ислам. Куда исчезли в Казахстане ваххабиты?-----	10
Мәулен Әшімбаев: «Жас Отан» ел жастарын ортақ мүддеге біріктіретін күшке айналуы тиіс-----	11
Еліміздің жас лидерлері «Ұлттық патриоттық актіне» қол қойды-----	12
Студентов эксплуатировали в общежитиях Алматы-----	15
133 гранта предоставили казахстанцам турецкие вузы-----	16
Катастрофический дефицит мест в студенческих общежитиях выявили в СКО-----	17
Жастардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалуда - Тимур Ысқақов-----	18
Молодежные лидеры подписали Национальный патриотический акт--	19
Жамбыл облысында мешітке баратын жастардың саны 1,5 мыңнан аспайды-----	20
Жастар конгресі 7 жалынды жасты анықтайды-----	21
Жастар конгресі аға-көкесіз табысқа жеткендерді іздеуге кірісті-----	22
Сенатор жас отбасылардың зейнетақы қорындағы ақшасын қайтарып беруді ұсынды-----	23
Студенттер «Астана» ХҚО-да іс-тәжірибеден өте алады-----	24
Жапония семейлік студенттерге стипендия тағайындамақ-----	25
Ынтымақтастық құжаты жастарды жаңа биіктерге жетелейді-----	25
Жас көшбасшылар кімдер болады?-----	29
«Серпін» жобасы бойынша 15 мыңға жуық студент білім алуда-----	30
Дархан Кәлетаев: Қазақстанда «ниетсіз жастар» саны бір қаланың халқымен бірдей-----	31
Биыл 400-ге жуық жас кәсіпкерге микрокредит берілді – Әбілқасымова-----	32
Жыл сайын мектеп түлектерінің 19%-ы маманданбайды - министр-----	33
Дархан Кәлетаев: фрилансерлер «ниетсіз адамдарға» жатады-----	34
Қазақстанда НЕЕТ жастарды жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасы әзірленді-----	35
Елімізде мектеп оқушыларына қытай тілін күштеп үйретіп жатыр-----	36
ҚР Президенті кеңсесінің басшысы Махмұд Қасымбеков атыраулық студенттермен кездесті-----	37

Кәлетаев еліміздегі "NEET жастарды" жұмыспен қамту жолдарын ұсынды-----	38
Астанада баспана іздеген студенттерді алаяқ риэлторлар алдап кетті-----	39
NEET: жастардың ниеті қалай түзеледі?-----	41
Қызылордада асармен салынған студенттік жатақхана жабылды-----	43
Дархан Кәлетаев Қоғамдық кеңес жұмысына қатысты-----	43
Жастар киелі Көкше жеріне жиылды-----	44
Қазақ агротехникалық университеті студенттерге қап-қап тегін картоп таратты-----	45
Зеленовта халықаралық жастар лагері басталды-----	46
Атырауда Каспий маңы мемлекеттерінің VI универсиадасы өтеді-----	46
Ақтөбеде студенттер жатақханасы көбейді-----	47
Алматинские студенты провели дебаты от имени правительства-----	50
Т3,5 млн потратят на развитие волонтерского движения среди молодежи Алматинской области-----	51
Религиозная безграмотность остается одной из проблем общества – вице-министр Арын-----	52
Казахстану нужен новый подход в обеспечении общественной безопасности – МОР-----	53
Жастар саясаты дегенді қалай түсінесіздер?-----	54
Елімізге Өзбекстаннан 12 мың талапкер оқуға келді-----	55
Алматы облысында «English for Jastar» жобасы бастау алды-----	57
Студенттерді жатақханаға орналастыруға 15 млрд теңге бөлінеді-----	58
Алматыда жастарға арналған мемлекеттік қызмет мектебі ашылды---	59
Болашақ – білімді ұрпақтың қолында-----	60
Қалетаевтың ауылында оқушылар хиджаб кимейді-----	61
Мақтаарал ауданында «Жасыл ел» жастардың еңбек жасақтары жұмысын бастады-----	62
Жатақханада тұратын семейлік студенттер жуыну үшін ақша төлеуге мәжбүр-----	63
Еріктілер атыраулық жастарға шет тілдерін үйретеді-----	64
Петропавлда жатақханада орын жоқ, баға да қымбаттады-----	65
Satbayev University жатақхана проблемасы неге шешілмей жатқанын түсіндірді-----	66
<b>ЗАРУБЕЖНЫЕ СМИ</b>	
Сирийские студенты провели субботник в цитадели Алеппо-----	67
В Союзе молодежи Узбекистана занимались троллингом для блокады критики в свой адрес-----	68
Более 200 человек из шести стран собрал молодежный форум "Каспий-2018" в Дагестане-----	69
В Таджикистане четверо школьников стали жертвой вербовки учителя по английскому языку и собирались присоединиться к ИГ-----	71
Правительство Казахстана одобрило проект дорожной карты по обеспечению занятости и социализации молодежи-----	72

Треть детей и подростков в регионах, страдающих от войны или стихийных бедствий, не ходит в школу - ЮНИСЕФ-----	73
Форум молодых лидеров стран ШОС открывается в Хабаровске-----	74
NYT: власти Франции установили запрет на смартфоны в школах-----	75
В Актобе в благодарность мамам построили центр духовно-нравственного воспитания-----	76
Казахстанская компания будет поставлять в Хабаровск оборудование для теплиц-----	76
Хипстер-националисты: новое лицо ультраправых в Европе-----	77

## КАЗАХСТАНСКИЕ СМИ

Казинформ

Дата: 14.09.2018

Ссылка: [https://www.inform.kz/kz/zhastar-astanadagy-kenesary-sarbazdary-zherlengen-korymdy-tazalady\\_a3391443](https://www.inform.kz/kz/zhastar-astanadagy-kenesary-sarbazdary-zherlengen-korymdy-tazalady_a3391443)

### Жастар Астанадағы Кенесары сарбаздары жерленген қорымды тазалады

«Нұр Отан» партиясының Астана қалалық филиалында Кенесары ханның ерлігін насихаттайтын жастар клубы ашылды.

«Кенесары хан сарбаздары» деп аталатын бұл ұйымға қырықтан астам Астана жастары мүше болып үлгерді.

«Жастар арасында тарих арқылы отансүйгіштікті, патриотизмді насихаттау керек. Сондықтан, Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мен жастар арасында жаңа қазақстандық патриотизмді насихаттау мақсатында Кенесары ханды таңдап алдық. Себебі, Астана аумағында Кенесары ханның сарбаздары қазақ елінің тәуелсіздігі үшін жандарын қиған. Астананы Сарыарқаның төріне көшіргенде де Президент ең алғашқы ескерткішті Кенесары ханға арнап тұрғызған еді. Жалпы, Кенесарыны қазақ тәуелсіздігі үшін күрестің символы ретінде насихаттағымыз келеді», - деді «Нұр Отан» партиясы Астана қалалық филиалы саяси жұмыс бөлімінің меңгерушісі, «Кенесары хан сарбаздары» жастар клубы жобасының жетекшісі Ерлан Ахмедин.

Жастар Астанадағы Кенесары сарбаздары жерленген қорымды тазалады.

Оның айтуынша, «Нұр Отан» партиясының Астаналық филиалының қолдауымен клуб Кенесары ханның өмірі туралы кездесулер, дөңгелек үстел, ғылыми конференциялар өткізу, комикс кітаптар шығаруды жоспарлап отыр. Астана жастары бұл клубқа ерікті түрде мүше бола алады.

Жастар Астанадағы Кенесары сарбаздары жерленген қорымды тазалады.

«Жобаны бастар алдында тарихшылармен кеңесіп, жоспарымызды көрсетіп, ақылдасқан болатынбыз. Содан кейін Астана университеттеріне барып, жастар көшбасшыларымен кездесіп, студенттерді шақырдық. Алда өткізетін барлық шараларды леуметтік желілерде жариялап отырамыз. Менің ойымша, клуб мүшелері әлі де көбейеді», - деп өз сөзін толықтырды ол.

Жастар Астанадағы Кенесары сарбаздары жерленген қорымды тазалады.

Таныстырылымнан кейін жастар клубының мүшелері Кенесарының 250 сарбазы жерленген Астанадағы «Қараөткел» зиратына сенбілікке аттанды.

Кенесары Қасымұлы (1802-1847) - мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ хандығының соңғы ханы. Атақты Шыңғыс ханның 27-інші ұрпағы, Абылай ханның немересі. Ресейдің әскери тарихшысы В. Потто кезінде Кенесарыны «қазақтардың Шәмілі» деп те атаған.

[Казинформ](#)

**Дата:** 14.09.2018

**Ссылка:** [https://www.inform.kz/kz/osy-kuzde-17-myn-azamat-otan-aldyndagy-boryshyn-oteuge-attanady\\_a3391646](https://www.inform.kz/kz/osy-kuzde-17-myn-azamat-otan-aldyndagy-boryshyn-oteuge-attanady_a3391646)

### **Осы күзде 17 мың азамат Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады**

Күзгі шақырудың басталуына байланысты Қазақстанда осы күзде 1992-2000 жылдар аралығында туған 17 мың азамат мерзімді әскери қызметке қабылданады.

«Қазақстан армиясы бүгінде әскерге шақыру және келісімшарт бойынша аралас тәсілмен жасақталады. Оның іс-қимылының бар саласына әлемдік тәжірибеге негізделген ең озық тәжірибелер енгізілген. Жеке құраммен жасақтау, оның ішінде әскерге шақыру да артта қалған жоқ. Қыркүйек айында әскерге кезекті рет шақыру басталды. Күзгі шақырылым желтоқсан айына дейін созылады. Желтоқсанға дейін біз 17 мыңнан астам жастарды әскер қатарына шақыруымыз керек. Оның ішінде Қарулы күштер қатарына, Шекара қызметіне, Ұлттық Ұланға және Мемлекеттік күзет қызметіне шақырамыз», - деді ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында Қарулы Күштер Бас штабының ұйымдастыру және жұмылдыру жұмыстары жөніндегі департаменті бастығының міндетін атқарушы Ардақ Кукатов.

Оның айтуынша, әскер қатарына денсаулығы мықты, елдің саясатын қолдайтын, патриоттық сана-сезімі жоғары, психологиялық-моральдық жағдайы жақсы ер азаматтар қабылданады.

Әскери бөлімдер бойынша шақырылушыларды іріктеу және бөлу кезінде алдын ала зерттеу нәтижелері және шақырылуға дейінгі алған мамандықтары ескеріледі. Әскери бөлімдерді жасақтау эксаумақтық қағидат бойынша жүзеге асырылады. Шақыруды және медициналық куәландыруды жүргізу тәртібі туралы мәселелерді жедел шешу үшін ҚР Қорғаныс министрлігінде «қауырт желі» жұмыс істейді. Желіде жауапты лауазымды адамдар түсініктеме беріп, азаматтарды қызықтыратын барлық сауалдарға жауап береді..

[zakon.kz](http://zakon.kz)

Дата: 14.09.2018

Ссылка: <https://www.zakon.kz/4937207-ctudenty-universiteta-nur-mubarak-i.html>

## Студенты университета Нур-Мубарак и прихожане мечети Алматы отметили День города

На территории вуза развернулись массовые зрелищные мероприятия - спортивные соревнования и концертные программы.

Сегодняшний солнечный осенний день обернулся для студентов Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак и прихожан мечети, которые пришли на пятничную проповедь, большой радостью: на территории вуза в рамках программы «Асыл мура» отмечали День города.

Поэтому сегодня здесь было особенно многолюдно, и стар, и млад собрались, чтобы с пользой и весело провести этот праздник.

Открыл торжество руководитель Управления по делам религий города Алматы Айдар Есенбеков.

- Это не просто День города Алматы, это хороший светлый праздник, имеющий глубокий смысл, воспитывающий чувство патриотизма, любви, уважения к своей родной земле, к своим корням, к своему любимому городу и горожанам, - подчеркнул Есенбеков. – И мы сегодня призываем вас всех активно участвовать во всех мероприятиях, которые приурочены к данному празднику и которые будут проходить на территории этого университета, и показать свою силу, сноровку, мастерство.

После жума намаза на площадках стали разворачиваться по-настоящему зрелищные мероприятия - спортивные соревнования в честь празднования Дня города. Желающие попробовали свои силы в таких видах состязаний как казак куреси, кошкар котеру, асык ату, арқан тарту, поднятие гири, набивание лянки и в других, которые были организованы при поддержке акимата Алматы и которые имеют многовековые истории. Все победители были награждены ценными призами.

Также организаторы праздника порадовали гостей и прихожан мечети очень интересной, насыщенной концертной программой с участием звезд - известных артистов казахской эстрады и бесплатными праздничными угощениями.

По словам проректора, доцента университета Нур-Мубарак Кайрата Курманбаева, Алматы является самым большим студенческим городом в нашей стране, молодежь из всех регионов старается попасть именно сюда, здесь прекрасные вузы, они имеют все условия не только



для хорошей учебы и развития студентов, но и для активного и полезного досуга.

Гостям и участникам праздника была роздана тонна яблок апорта.

[zakon.kz](http://zakon.kz)

**Дата:** 14.09.2018

**Ссылка:** <https://www.zakon.kz/4937210-tridtsat-tri-stazhera-poluchat-rabotu-v.html>

### **Тридцать три стажера получают работу в АО «Самрук-Қазына»**

Завершилась программа стажировок «Цифровое лето-2018», организованная АО «Самрук-Казына». По ее итогам 33 молодых специалиста будут трудоустроены в компании фонда.

«Это, во-первых, опыт, это возможность работать в крупнейших национальных компаниях нашей страны, это возможность реализовать себя, возможность узнать новое и приобрести практические навыки. Аналогов такому конкурсу у нас не было», - напутствовал будущих сотрудников Управляющий директор по операционной деятельности АО «Самрук-Қазына» Алишер Пирметов.

Выпускник Карагандинского государственного технического университета Магжан Тажикеев в течение двух месяцев стажировался в компании «Самрук -Энерго» и теперь стал полноценным сотрудником.

«Департамент, где я проходил стажировку, занимается цифровизацией и автоматизацией производственных процессов. Мы имели возможность посещать тренинги ведущих мировых компаний, старались брать все по максимуму. И теперь я менеджер проектов в «Самрук -Энерго», - сказал Магжан Тажикеев.

Для программы «Цифровое лето-2018» из 2100 претендентов было отобрано 65 молодых IT-специалистов. В течение лета они проходили обучение, участвовали в проекте фонда по переходу на безбумажный документооборот, помогали в сопровождении серверов, разрабатывали новые команды на языке Java для телеграм-бота.



[nur.kz](http://nur.kz)

Дата: 14.09.2018

Ссылка: <https://www.nur.kz/1752666-studenty-politehniceskogo-universiteta-zivut-v-podvalah-i-citalnyh-zalah-v-almaty.html>

## Студенты политехнического университета живут в подвалах и читальных залах в Алматы

В алматинском политехническом университете острая нехватка мест в общежитиях. Поэтому некоторые студенты вынуждены жить в читальных и спортивных залах, а также в подвальных помещениях. Об этом рассказали представители мониторинговой группы, наблюдающей за условиями проживания учащихся вузов.

Студенты алматинского политеха живут в подвалах и читальных залах

На 10 квадратных метрах положено жить четверым ребятам. Но в комнате общежития политехнического вуза их, как минимум, пятеро. К тому же учащиеся жалуются на засилье клопов.

Работники университета говорят, что на постоянной основе травят насекомых. Эта борьба началась еще в 70 годы прошлого века, но найти за это время очаг распространения вредителей так и не удалось.

Переселить студентов тоже некуда. 4 общежития политеха в этом году забиты до отказа. Первыми, кому полагается жилплощадь, стоят в списке студенты-первокурсники. А тем, кто постарше, мест хватает далеко не всегда. Поэтому молодые люди заселяются прямо в спортивные и читальные залы.

Студенты алматинского политеха живут в подвалах и читальных залах.

Студентка 4 курса КазНИТУ им. Сатпаева Раушан Алтынбекова рассказывает, что 3 года до этого было все хорошо. Они жили в собственной комнате. Но с этого сентября учатся много первокурсников, поэтому сейчас 8 человек ютятся в читальном зале.

По данным мониторинговой группы, некоторым студентам пришлось переехать... в подвал. Журналисты не смогли проверить эту информацию, их попросту не пустили в помещение. Но торчащие ТВ-антенны, по их мнению, явно свидетельствуют о проживании там людей.

Студенты алматинского политеха живут в подвалах и читальных залах.

Список проблем можно продолжить: очень длительное отсутствие капитального ремонта, за стирку белья надо платить, в душ можно ходить только в определенные дни, плачевное состояние сантехники и т.д.

Руководство университета отмечает, что занимается вопросом капремонта, но пока никакой конкретики нет. Будут ли строить новое общежитие – тоже вопрос не из легких. Единственное, что на ближайшую перспективу известно, планируется переоборудовать под проживание один из учебных корпусов.

Автор: А. Онербаев

[Алтын-Орда](#)

Дата: 15.09.2018

Ссылка: <https://www.altyn-orda.kz/russkij-islam-kuda-ischezli-v-kazahstane-vahhabity/>

### Русский ислам. Куда исчезли в Казахстане ваххабиты?

Ваххабитов в Казахстане еще можно встретить, но уже не в том количестве, что год или два назад. Ваххабизм еще называют в Казахстане русским исламом, за приверженность его адептов к русскому языку, и за его распространенность в основном в среде русскоязычных граждан Казахстана. Что довольно странно. Ведь если вы проповедуете идеи арабов, то будьте добры разговаривать на арабском языке.

Так что же способствовало закату ваххабизма в Казахстане? Разумеется, можно говорить об эффективной работе силовых структур Казахстана, довольно успешно (без крови) нейтрализовавших наиболее радикальных адептов салафии в Казахстане. И может быть по этой причине президент Нурсултан Назарбаев не хочет отправлять в отставку министра Внутренних дел Касымова.

Но главная причина кроется в другом. Салафиты проиграли свой идеологический бой в нашей стране представителям традиционного, казахского, ислама.

За годы Независимости выросло целое поколение грамотных казахских имамов, с высшим религиозным образованием, умеющих вести теологическую дискуссию в любой религиозной среде. И в идеологическом противостоянии с ними мало подкованные в вопросах ислама казахстанские ваххабиты терпели и терпят сокрушительные теологические поражения, не находя весомые аргументы в защиту собственных догм.

А во-вторых, национальная ось казахов оказалась достаточно сильной, не принимающей ни под каким соусом религиозные установки сектантов «русского ислама». Казахи с негодованием относятся к идее отказа от своего национального языка, традиций и культуры в угоду ваххабитским постулатам. Традиционное казахское общество отторгло «русский ислам».

А еше, как полагают казахстанский политолог Азимбай Гали, на ваххабизм в среде казахской молодежи «прошла мода». Казахи все чаще стали задаваться вопросом: — А какая нам польза от такого радикального ваххабизма? И что вообще, нового и передового несет в себе арабский мир, раздираемый сегодня на куски тысячами противоречий, народу Казахстана?

И ответ здесь напрашивается отрицательный.

[ult.kz](http://ult.kz)

**Дата:** 15.09.2018

**Ссылка:** <http://ult.kz/post/maulen-ashimbaev-zhas-otan-el-zhastaryn-ortak-muddege-biriktiretin-kushke-aynaluy-tiis>

### **Мәулен Әшімбаев: «Жас Отан» ел жастарын ортақ мүддеге біріктіретін күшке айналуы тиіс**

«Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев Бурабайда өткен «Жастар – Отанға!» жастар саяси лагерінің ашылуында жасотандықтардың алдында тұрған басты міндеттерді атап өтті.

– Жасотандықтар «Жас Отанның» IV съезінде қабылданған қорытынды құжаттағы бастамаларды жүзеге асыруға басымдық беруі тиіс. Екіншіден, партия қызметін жаңғырту аясында қолға алынған жаңа жобаларды жүзеге асыруға да белсенді қатысуы керек. Әсіресе өңірлерде бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды жүргізілуі қажет. Үшіншіден, «Жас Отан» ел жастарын Елбасы саясаты ортақ мүддеге топтастыратын, барлық жастар ұйымдарының басын біріктіретін қозғаушы күш болуы тиіс. Төртіншіден, ауыл жастары «Жас Отанның» басты назарында болуы керек. Партия жүзеге асырып жатқан мектеп асханалары мен спорт алаңдарын жаңғырту, IT-сыныптар ашу, ағылшын тілін үйрету сияқты партиялық жобалар негізінен осы ауыл жастарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан жасотандықтар осындай партиялық жобаларды жүзеге асыруда көбіне ауыдық жерлерге басымдық беру тиіс. Бесіншіден, «Жас Отан» жастар қанатының өкілдері Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға белсене қатысып, ұлттық кодты сақтау, мәдени мұраларымыз бен құндылықтарымызды дәріптеу сияқты басымдықтарды жүзеге асыруда жүйелі әрекет етуі тиіс, – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар партия Төрағасының Бірінші орынбасары партиялық жаңғыру аясында партия тарапынан атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Қазіргі таңда «Нұр Отан» партиясы Елбасы тапсырмасына сәйкес партия қызметін жаңғырту жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Осы мақсатта 20-дан астам жаңа жоба қолға алынды. Олардың қатарында жастар саясатын жандандыруға қатысты тың бастамалар да бар. Өйткені жастар мәселесі партия жұмысындағы басым бағыттардың бірі. Партияның бастамасымен жастардың бағдарламалау негіздерін, робот техникаларын және 3D модельдеуді үйренуі үшін тегін «1000 IT-сынып» ашу жобасы жүзеге асырылуда. Одан бөлек, жас буынның дұрыс тамақтануы мен саламатты өмір салтын ұстануын қамтамасыз ету үшін мектеп асханаларын жаңғырту және мектеп спорт алаңдарын қайта жабдықтау жұмыстарын бастап кеттік. Ауыл жастарына ағылшын тілін үйретіп, отандық кітапханаларды заманауи білім орталығы ретінде қайта құру бастамалары да партия тарапынан іске асырылуда, – деді «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары.

Айта кетейік, «Жастар – Отанға!» жастар саяси лагері биыл қатарынан оныншы рет өткізіліп отыр. Осылайша «Жас Отан» жастар қанатының I съезінде Елбасының бастамасымен акция ретінде басталған жоба тың идеялар талқыланатын тиімді алаңға айналып отыр. Мемлекеттік деңгейдегі «Дипломмен ауылға!», «Жастар кадрлық резерві» сияқты ірі жобалар дәл осы лагерь жұмысының нәтижесінде қолға алынғанын ерекше атап өткен жөн.

[egemen.kz](http://egemen.kz)

Дата: 15.09.2018

Ссылка: <https://egemen.kz/article/174438-elimizdinh-zhas-liderleri-ulttyq-patriottyq-aktine-qol-qoydy>

### **Еліміздің жас лидерлері «Ұлттық патриоттық актіне» қол қойды**

Еліміздегі жастар ұйымдары жарқын болашақ жолында күш біріктірді. Бурабайда «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастыруымен өткен «Жастар – Отанға!» лагерінде Қазақстанның жас лидерлері «Ұлттық патриоттық актіне» қол қойды. Осылайша ел жастары өзара әріптестікті нығайтып, жастар саясатын жандандыруға бағытталған бастамаларды бірлесіп жүзеге асырмақ. Лагерь жұмысының салтанатты ашылу рәсіміне «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев қатысты.

«Жастар – Отанға!» жастар саяси лагері 2009 жылдан бері тұрақты өткізіліп келе жатқан игі бастама. Биыл қатарынан оныншы рет өтіп отырған іс-шараға еліміздің әр аймағынан келген 170 белсенді жас қазақстандық қатысуда. Осылайша, «Жас Отан» жастар қанатының I съезінде Елбасының бастамасымен акция ретінде басталған жоба тың

идеялар талқыланатын тиімді алаңға айналып отыр. Бүгінде мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылып жатқан «Дипломмен ауылға!», «Жастар кадрлық резерві» сияқты ірі жобалар дәл осы лагерь жұмысының нәтижесінде қолға алынғанын ерекше атап өткен жөн.

Барша қатысушыларды лагердің ашылуымен құттықтаған Мәулен Әшімбаев жастар ісіне қатысты партия тарапынан атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Қазіргі таңда «Нұр Отан» партиясы Елбасы тапсырмасына сәйкес партия қызметін жаңғырту жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Осы мақсатта 20-дан астам жаңа жоба қолға алынды. Олардың қатарында жастар саясатын жандандыруға қатысты тың бастамалар да бар. Өйткені жастар мәселесі партия жұмысындағы басым бағыттардың бірі. Партияның бастамасымен жастардың бағдарламалау негіздерін, робот техникаларын және 3D модельдеуді үйренуі үшін тегін «1000 IT-сынып» ашу жобасы жүзеге асырылуда. Одан бөлек, жас буынның дұрыс тамақтануы мен саламатты өмір салтын ұстануын қамтамасыз ету үшін мектеп асханаларын жаңғырту және мектеп спорт алаңдарын қайта жабдықтау жұмыстарын бастап кеттік. Ауыл жастарына ағылшын тілін үйретіп, отандық кітапханаларды заманауи білім орталығы ретінде қайта құру бастамалары да партия тарапынан іске асырылуда, – деді «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары.

Бүгінде еліміздің бірқатар кітапханаларында аталған кворкинг-орталықтар ашылды. «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастыруымен мұндай орталықтарда «Made in QZ» ұлттық музыка кеші, «Жеті жарғы» шешендік өнер курстары, «Қолғанат» еріктілер мектебі сияқты жастарға арналған комьюнитилер өткізу ісі қолға алынған. Қазірдің өзінде Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары мен Алматы және Шымкент қалаларындағы жаңғыртылған кітапханаларда балаларға арналған «English for kids» және ересектерге шет тілдерін үйрететін «Speaking club» клубтары жұмыс істеп тұр.

Ауыл жастарына ағылшын тілін үйрету үшін «Нұр Отан» ауылдарға волонтерлар жіберу ісін қолға алды. Соның аясында осы айдың соңына дейін «Жас Отанның» ұйымдастыруымен «English for Jastar» жобасы өз жұмысын бастамақ. Оған 9 елден келген 28 шетелдік азамат пен 140 қазақстандық жас волонтер қатысуға ниет білдірді.

Шілде айында «Жас Отанның» жаңа сайтында «J-Library» электрондық кітапханасы іске қосылды. Қазір ондағы кітап қоры 650-ге жетті. Жуырда осы электронды кітапхананың интернетсіз, яғни оффлайн режимде оқуға мүмкіндік беретін мобильді қосымшасы іске қосылады.

Одан бөлек, «Жас Отан» жастар қанаты «Таза мекен» жобасы бойынша ел аумағындағы 28 киелі мекенде тазалау жұмыстарын жүргізіп, экскурсиялар ұйымдастырды. Сондай-ақ жастарды бизнеске баулып, тәжірибе алмасуға, бизнес-бастамаларға қолдау көрсетуге бағытталған «Бизнес менторлардың» онлайн платформасын іске қосу

жұмыстары пысықталуда. Ауылдық жерлерде жастар арасында шағын кәсіпкерлікті дамытуға арналған «Жастар – ауылға» жобасы аясында «Жас Отан» «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, 300-ден астам жастың басын қосқан бизнес-семинарлар өткізді.

Мәулен Әшімбаев осындай тың жобаларды табысты жүзеге асыру үшін еліміздің барлық жастарын белсенділік танытуға шақырды. Сондай-ақ ол бұл жұмыстар Елбасы айқындап берген міндеттерді орындауға бағытталғанын айтып, осы жолда жасотандықтардың алдында тұрған басты міндеттерді атап өтті.

– Біріншіден, жасотандықтар «Жас Отанның» IV съезінде қабылданған қорытынды құжаттағы бастамаларды жүзеге асыруға басымдық беруі тиіс. Екіншіден, партия қызметін жаңғырту аясында қолға алынған жаңа жобаларды жүзеге асыруға да белсенді қатысуы керек. Әсіресе өңірлерде бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды жүргізілуі қажет. Үшіншіден, «Жас Отан» ел жастарын Елбасы саясатына топтастыратын, барлық жастар ұйымдарының басын біріктіретін қозғаушы күш болуы тиіс. Бұл ретте «Ұлттық патриоттық актінің» маңызы зор. Себебі, осы құжат арқылы еліміздегі жастар ұйымдары бірлесіп жұмыс істеуге бел буып отыр. Төртіншіден, Ауыл жастарына көп көңіл бөлуіміз керек. Партия жүзеге асырып жатқан мектеп асханалары мен спорт алаңдарын жаңғырту, IT-сыныптар ашу, ағылшын тілін үйрету сияқты партиялық жобалар негізінен осы ауыл жастарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан жасотандықтар осындай партиялық жобаларды жүзеге асыруда көбіне ауылдық жерлерге басымдық беру тиіс. Бесіншіден, «Жас Отан» жастар қанатының өкілдері Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға белсене қатысып, ұлттық кодты сақтау, мәдени мұраларымыз бен құндылықтарымызды дәріптеу сияқты басымдықтарды жүзеге асыруда жүйелі әрекет етуі тиіс. Аталған басымдықтардың алдыңғы легінде жастар жүруі керек, – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары қазіргі жаңа үрдістер мен құндылықтарға байланысты бәсекеге қабілетті болу үшін жастардың бойында қандай қасиеттер болуы керектігін айтты.

– Ел жастарының бойында ұдайы ізденіс, ашық сана, асқақ арман және ұлттық мүдде болуы тиіс. Бұл – бүгінгі заман талабы. Сондықтан ізденуден, оқудан, үйренуден жалықпау керек. Сондай-ақ барлық мәселеде біржақты болмай, балама пікірлерді де ескерген жөн. Дұрыс армандап, нақты мақсаттар қоя білу керек. Ең бастысы, барлық істе ұлттың, елдің мүддесін жоғары қойып, халықтың қамы үшін еңбек етуіміз керек, – деді Мәулен Әшімбаев.

Іс-шара барысында жастар қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты пікірлерін білдіріп, спикерге өз сауалдарын жолдады.

Лагерь жұмысы 19 қыркүйекке дейін жалғасады. Биылғы лагерьдің ең басты жаңалығы Қазақстан жастарының «Ұлттық патриоттық актіге» қол қоюы болып отыр. Бұл құжатқа «Жас Отан» жастар қанатымен бірге Қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы ісі жөніндегі комитеті, «Қазақстанның жастар конгресі», «Халықаралық «Болашақ» стипендиясы стипендиаттарының қауымдастығы», «Қазақстан студенттерінің альянсы», «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысы сияқты бірқатар жастар ұйымдары қол қойды.

Осы ретте алдағы уақытта да қазақстандық жас лидерлердің ынтымақтастық құжаты аталған Актіге қол қоюға кез келген жастар ұйымының мүмкіндігі бар екенін атап өткен жөн.

Лагерь жұмысы барысында қатысушылар Jas Otan Ironman үшсайысы, яғни садақ ату, велосипед, жүгіру-яркокросс пен шығармашылық кештерде сынға түседі. Сондай-ақ арнайы шақырылған білікті сарапшылардың дәрістерін тыңдап, өзекті мәселелерді талқылау жоспарланып отыр. Лагерь қонақтарының қатарында белгілі қоғам қайраткерлері, Мәжіліс депутаттары, білікті мамандар мен спортшылар бар. Олар жастарға табысқа жету жолдары мен өз салаларына қатысты соңғы үрдістер жайын сөз етпек.

[informburo.kz](http://informburo.kz)

**Дата:** 15.09.2018

**Ссылка:** <https://informburo.kz/novosti/studentov-ekspluatirovali-v-obshchezhitiah-almaty-76852.html>

### **Студентов эксплуатировали в общежитиях Алматы**

Специальная мониторинговая группа при департаменте АГДСПК по Алматы проверила общежития университетов города.

Представители департаменте АГДСПК по Алматы выявили многочисленные нарушения при проверке общежитий города, сообщается на сайте департамента. Антикоррупционщики планировали выяснить, как идёт распределение мест и оценить бытовые условия студентов.

"Мониторинг показал, что в некоторых общежитиях для студентов требует проведение ремонтных работ. К примеру: в общежитиях №1, 2, 3, 4 Казахского национального технического университета им. Сатпаева ремонтные работы не были проведены на должном уровне. Более того, в целях экономии средств во всех общежитиях названного университета для исполнения работы комендантов были привлечены студенты", – говорится в сообщении.



В общежитиях работают прачечные с терминалами оплаты за использование стиральных машин в сумме 200 тенге за одну стирку. В других вузах данная услуга бесплатная. По итогам мониторинга члены специальной мониторинговой группы вышлют свои рекомендации руководству университетов.

"В случае установления вами фактов незаконных манипуляций с местами в студенческих общежитии просим обратиться в департамент АДГСПК по г. Алматы по следующим контактными данным: 87074741424, 2-54-90-54, 2-54-90-33", – говорится в сообщении.

[informburo.kz](http://informburo.kz)

Дата: 15.09.2018

Ссылка: <https://informburo.kz/novosti/133-granta-predostavili-kazahstancam-tureckie-vuzy.html>

### 133 гранта предоставили казахстанцам турецкие вузы

Соответствующее соглашение Центр международных программ "Болашак" заключил с шестью турецкими вузами.

Турция выделила 133 гранта для обучения казахстанцев по специальностям инженерии, туризма и медицины, сообщает пресс-служба ЦМП "Болашак".

"На обучение уже уехали 75 человек, остальные претенденты проходят процедуру оформления документов. Шесть турецких вузов, с которыми заключено соглашение, входят в ТОП 100 и 250 лучших университетов мира", – говорится в сообщении.

"В рамках интернационализации студентов Казахстана и глобальной интеграции в мировой образовательный процесс в прошлом году в нашей стране обучалось 240 турецких студентов, в этом году по прогнозам их уже больше 300 должно быть, статистика по ним выйдет позже, так как некоторые могут проходить процедуру регистрации. Сегодня мы также готовимся подписать соглашение с еще 15 вузами Турции на бесплатное обучение наших студентов. Отношения глав государства очень сильно сказывается во всех сферах, сегодня у нас с представителями Турции есть понимание, и мы движемся в этом направлении." - сказал советник президента ЦМП "Болашак" Кайрат Абуов.

Образовательные гранты Турции делятся на четыре категории А, В, С, D. Первая категория "А" подразумевает под собой бесплатное обучение, проживание и стипендия от вуза, "В" – это бесплатное обучение и проживание без стипендии, категория "С" – это только бесплатное обучение и категория "D" даст скидки на обучение от 25% до 75%.

"В Турции сильные университеты по инженерии, туризму и медицине как раз по этим направлениям у нас сейчас проходят обучение наши студенты. Страна колоритная, мы с ними тюркоязычные, и за счёт этого адаптация студентов к языку и быту проходит в среднем три месяца. Язык обучения в этой стране турецкий или же английский," – сказала менеджер департамента международного сотрудничества ЦМП "Болашак" Алма Кожан.

[informburo.kz](http://informburo.kz)

**Дата:** 15.09.2018

**Ссылка:** <https://informburo.kz/novosti/katastroficheskiy-deficit-mest-v-studencheskih-obshchezhitiyah-vyyavili-v-sko.html>

### **Катастрофический дефицит мест в студенческих общежитиях выявили в СКО**

Общежития единственного университета в области могут принять всего 1,5 тысячи человек.

Сотни студентов Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева вынуждены арендовать более дорогое жильё из-за отсутствия мест в общежитиях, передаёт КТК.

За последние два года численность студентов единственном вузе области увеличилась с трёх тысяч до семи тысяч. При этом общежития университета рассчитаны всего на полторы тысячи человек.

"Мы 20 дней по городу скитались, снимали квартиры посуточно. В однокомнатную квартиру набивалось по 10-20 человек. Каждый день я в деканат ходил, просил общежитие", – сказал студент Шерхан Кошенов.

Каждый год университет расширяют список специальностей. Число студентов в ближайшие годы достигнет уже 12 тысяч. Руководство планирует строительства всего двух общежитий на 1200 мест.

"По большому счёту все зависит от того, как пойдет строительство. Планируется, что в этом году проектно-сметная документация будет разработана и пройдет государственную экспертизу, и уже с весны следующего года планируется начало строительства", – сообщил проректор СКГУ им. М. Козыбаева Ербол Исакаев.

Одно старое общежитие решили экстренно отремонтировать. В Петропавловск уже в октябре приедут 150 студентов из Индии учиться на медицинском факультете. Иностранцы будут жить отдельно и, видимо, местным придется еще потесниться, сообщает КТК.

[ҚазАқпарат](#)

Дата: 15.09.2018

Ссылка: [https://www.inform.kz/kz/zhastardyn-sapaly-bilim-aluyna-barlyk-zhagday-zhasaluda-timur-yskakov\\_a3392620](https://www.inform.kz/kz/zhastardyn-sapaly-bilim-aluyna-barlyk-zhagday-zhasaluda-timur-yskakov_a3392620)

## **Жастардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалуда - Тимур Ысқақов**

Ақмола облысында жастардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалуда. Бұл туралы облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Тимур Ысқақов айтты.

Басқарма басшысының сөзіне қарағанда, бүгінгі таңда облыста мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттарын іске асыруға, жастарды қолдауға және жан-жақты дамуына бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы мен «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы Жолдауында жаңа заман талаптарына бейімделу мен жетістіктерге жетудің жолдары қарастырылған. Мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі - халықтың әр деңгейі үшін білімнің қолжетімділігі және білім алу мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету. Осы орайда, өңірде облыс әкімінің атаулы шәкіртақысын тағайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Бүгінгі таңда облыс әкімінің шәкіртақысы есебінен 276 ақмолалық студент еліміздің жоғары оқу орындарында білім алып жүр. Осы мақсатта облыстық бюджеттен 102 миллион теңге қаржы бөлінген», - дейді Тимур Ысқақов.

Айта кету керек, облыс әкімінің атаулы шәкіртақысының иегерлері өңірдегі және республика аумағындағы жоғары оқу орындарында білім алады. Бүгінгі таңда Ақмола облысында 4 жоғары оқу орны бар. Онда 50 мамандық бойынша студенттер білім алуда. Олардың арасында Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде жалпы медициналық факультеттің ашылуы маңызды болып отыр. Енді жергілікті студенттер ешқайда бармай-ақ, осында білім алуына болады.

Облыс әкімінің атаулы шәкіртақысы сапалы білім алып, кейін жұмысқа орналасу бағытында әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтағы студент жастар үшін үлкен материалдық көмек. Мәселен, 2017 жылы жетім, мүмкіндігі шектеулі, көпбалалы және толық емес отбасылардан шыққан 49 студент атаулы шәкіртақыға ие болған. Оған қоса, бұл жоба жастарды сұраныс жоғары мамандықтарға тарту арқылы Ақмола облысында кадр тапшылығын шешуге бағытталған. Атаулы шәкіртақы шеңберінде 120 студент медициналық, педагогикалық, теологиялық, техникалық, аграрлық тәрізді мамандықтар бойынша білім алуда. Бұл студенттер диплом алған соң келісімшарт негізінде

облыс аумағында 3 жыл жұмыс істеуі тиіс. Ағымдағы жылы осындай 7 маман жұмысқа орналасты. Биылғы жылы жоғары медициналық білімнен кейін оқуын жалғастырып, кардиолог, рентгенолог, онколог, аллерголог сияқты мамандықтар бойынша білім алып жатқан студенттерге де атаулы шәкіртақы тағайындау жоспарда бар.

«Атаулы шәкіртақидан басқа Ақмола облысында жоғары білім алатын студенттерге 2017 жылдан бастап білім беру гранттары тағайындалып келеді. Биыл облыстық бюджеттен 150 грант бөлінсе, оның 50-і бірінші рет медициналық факультетке, 100-і педагогикалық мамандықтар бойынша оқитын студенттерге. Осылайша, білім беру жүйесін жетілдіру, жас мамандардың білім алуына жағдай жасау арқылы біз олардың кәсіби шеберлік деңгейін көтереміз және халықтың әл-ауқатын жақсарту аламыз», - деп толықтырды Тимур Ысқақов.

[zakon.kz](http://zakon.kz)

Дата: 15.09.2018

Ссылка: <https://www.zakon.kz/4937280-molodezhnye-lidery-podpisali.html>

### **Молодежные лидеры подписали Национальный патриотический акт**

Лагерь «Жастар Отанға!» проходит уже в 10 раз, традиционно он объединил на своей площадке представителей молодежи из всех регионов страны.

На площадке молодежного политического лагеря «Жастар Отанға!» представители крупнейших молодежных организаций Казахстана подписали Национальный патриотический акт. В документе они отразили свое стремление к объединению вокруг модернизационной повестки дня. В открытии форума принял участие Первый заместитель Председателя партии «Нұр Отан» Маулен Ашимбаев.

Лагерь «Жастар Отанға!» проходит уже в 10 раз, традиционно он объединил на своей площадке представителей молодежи из всех регионов страны. Выступая перед собравшимися, Маулен Ашимбаев рассказал о задачах, которые сегодня стоят перед молодежным крылом ведущей партии страны, а также о новых партийных проектах, разработанных нуротановцами.

- Все новые проекты - это конкретный вклад нашей партии в реализацию программ Елбасы. Мы уже видим первые результаты в разных регионах страны, - подчеркнул Первый заместитель Председателя партии «Нұр Отан».

Маулен Ашимбаев отметил, что рассматривает всех участников лагеря в качестве будущих лидеров и поручил реализовать проект

«Школа молодых лидеров», идея которого была озвучена на прошедшем Съезде МК «Жас Отан».

Одну из важных целей «Жас Отана» Маулен Ашимбаев видит в объединении всей молодежи страны для реализации идей Главы государства.

- Сегодня «Нұр Отан» объединяет все политические и общественные силы Казахстана вокруг политики Елбасы. Таким же должен стать «Жас Отан» в молодежной среде. «Жас Отану» нужно стать силой, консолидирующей все молодежные организации. Учитывая, что это молодежное крыло партии Президента, жасотановцам нужно активнее проявлять инициативу и креативный подход в реализации идей Главы государства, - заявил он.

Участники лагеря «Жастар Отанға!» в течение 5 предстоящих дней будут работать на семинарах, тренингах и специально организованных сессиях, смогут поделиться идеями и обменяться мнениями по актуальным вопросам молодежной политики. Сессии будут проводить специально приглашенные спикеры, в числе которых известные общественные деятели, спортсмены, депутаты Мажилиса Парламента.

[baq.kz](http://baq.kz)

Дата: 17.09.2018

Ссылка: [http://baq.kz/kk/news/kogam/zhambil\\_oblisinda\\_meshitke\\_baratin\\_zhastardin\\_sani\\_15\\_minnan\\_aspaidi20180917\\_174300](http://baq.kz/kk/news/kogam/zhambil_oblisinda_meshitke_baratin_zhastardin_sani_15_minnan_aspaidi20180917_174300)

### **Жамбыл облысында мешітке баратын жастардың саны 1,5 мыңнан аспайды**

Жамбыл облысында күнделікті 5 уақыт намазға келетін жастардың саны 1 500 құрайды. Бұл облыстағы жастардың жалпы санының небәрі 0,57% ғана болып отыр. Бұл жөнінде Жамбыл облысы әкімдігі Дін істері басқармасының басшысы Жангелді Омаров мәлімдеді.

«Облыс аумағындағы мешіттерге келуші жамағаттарға зерттеу жүргізу барысында, күнделікті 5 уақыт намазға келушілердің саны 6 мыңға жуық екені, оның ішінде, 1 500 жастар екені анықталды. Бұл көрсеткіш облыстағы жастар санының небәрі 0,57% құрайды. Ал жұма намазына келушілердің саны 35 мың шамасында болса, оның ішінде, 13,5 мың азамат жастар болып табылады. Бұл көрсеткіш облыс жастарының 5,13%-ын құрайды», - деді Омаров.

Басқарма басшысы мәліметіне сәйкес, Жамбылдағы христиандық бағыттағы шіркеулерге келушілердің жалпы саны 3,5 мың болса, оның 10%-ы жастар болып табылады.

«Облыс орталығында «Һибатулла Тарази» медресесі 2012 жылдан бері дін мамандарын даярлауда. Онда 2017-2018 оқу жылында 51 шәкірт білім алса, биылғы оқу жылында 65 шәкірт білім алып жатыр. Соның ішінде, бірінші курста – 31, екінші курста – 18 және үшінші курста – 16 шәкірт оқиды», - деген ол.

Сонымен қатар басқарма басшысы медреседе Жамбыл облысы азаматтарынан бөлек, Алматы, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстарының тұрғындары да білім алып жатқанын айтты.

[baq.kz](http://baq.kz)

**Дата:** 17.09.2018

**Ссылка:** [http://baq.kz/kk/news/ruhani\\_zhangiru/zhastar\\_kongressi\\_7\\_zhali\\_ndi\\_zhasti\\_aniktaidi20180917\\_180700](http://baq.kz/kk/news/ruhani_zhangiru/zhastar_kongressi_7_zhali_ndi_zhasti_aniktaidi20180917_180700)

### **Жастар конгресі 7 жалынды жасты анықтайды**

Қазақстан жастар конгресі Қоғамдық даму және Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің қолдауымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «7 Jalyn» жобасын бастайды.

Ең белсенді 7 жас жоба жеңімпазы атанады.

“100 жаңа есімнің” екінші кезеңі болады дегенді естіген соң осындай ой келді. Биыл жобаға ҰЕҰ, қоғамдық немесе корпоротивті ұйымдар ұсынған қатысушылар ғана қатыса алады. Осылайша біз де еліміздегі ең мықты жастарды жинаймыз деп шештік. Өтінімдерді жинап, олардың арасынан 7 жалынды жасты таңдаймыз. Әрі қарай оларды “100 жаңа есімге” ұсынамыз”, - деді Қазақстан жастар конгресінің атқарушы директоры Тоқтар Болысов.

Қазақстанның дамуына үлес қосқан, табыс, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм мен білім культін насихаттауға үлгі болатын нақты тарихы бар жастарды қолдау жоба мақсаты болып отыр.

“Жеті - қазақ үшін киелі сан. Ал біз жалындаған жастармыз. Сол себепті жоба «7 Jalyn» деп аталады. Біз жастарға “көке, ағасыз” табысқа жетуге болатынын түсіндіргіміз келді. Өтінімдердің ішінен іріктелген 20-30 жасты “100 жаңа есімге” ұсынамыз. Олардың арасындағы ең үздік 7 жасты таңдап, келесі жылға дейін оларға қолдау білдіреміз”, - деді Болысов.

Айта кетсек, жобаға жетістікке жеткен 18-29 жас аралығындағы кез келген ҚР азаматы қатыса алады. Жоба 3 кезеңнен тұрады. Бүгін бірінші кезеңде ресми таныстырылымы өтті. Екінші кезең бойынша 30 қыркүйекке дейін өтінімдерді жинаймыз. Үшінші кезеңде арнайы комиссия өтінімдерді іріктеген соң 15 қазанда жеңімпаздар анықталады.



Сондай-ақ іс-шараға қатысқан ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Геннадий Шиповских, экс-депутат Бақыт Сыздықова, тележүргізуші Ирина Тен және “100 жаңа есім” жеңімпазы Ернұр Рысмағанбетов секілді тұлғалар жастармен пікір алмасты.

Депутат Геннадий Шиповских жобаның популизм ғана болып қалмауы тиіс екенін атап өтті.

“Бұл жоба 100 жаңа есімнің баламасы болайын деп тұр. Алдағы уақытта көптеген жас осы жобаның арқасында нәтижелі көрсеткіштің иегері болады деп сенемін”, - деді ол.

### ҚазАқпарат

Дата: 17.09.2018

Ссылка: [https://www.inform.kz/kz/zhastar-kongresi-aga-kokesiz-tabyska-zhetkenderdi-izdeuge-kiristi\\_a3394386](https://www.inform.kz/kz/zhastar-kongresi-aga-kokesiz-tabyska-zhetkenderdi-izdeuge-kiristi_a3394386)

## **Жастар конгресі аға-көкесіз табысқа жеткендерді іздеуге кірісті**

Қазақстан жастарының конгресі «100 жаңа есім» жобасының екінші кезеңіне өз үміткерлерін ұсынады. Осыған орай, аталған ұйым «7 jalyn» атты республикалық жобаны жариялады. Соның аясында үздік жетілік анықталады.

Ұйым басшысы Тоқтар Болысовтың айтуынша, конгрестің атынан жеті емес, одан да көп үміткер «100 жаңа есім» жобасына ұсынылады. Алайда «7 jalyn»-ға ерекше қолдау жасалады.

«Енді, қазақ халқы үшін «7» қасиетті сан екенін бәріміз жақсы білеміз. Сол себепті біз дәл осы санды таңдадық. Ал «jalyn» деп алғанымыз, нағыз жалындап тұрған жастар болсын деп тіледік. Негізі, біз барлық үміткерлердің ішінен 20-30 адамды таңдап, «100 жаңа есім» жобасына ұсынамыз. Дегенмен, олардың ішіндегі «7 jalyn»-ға ерекше қолдау жасалады. Бұқаралық ақпарат құралдарына шығарамыз, қоғамдық шараларға тартамыз, қосымша инвестор іздейміз және тағысын тағылар», - деді Т.Болысов бүгін «7 jalyn» жобасын таныстыру рәсімінде.

Оның айтуынша, бүгіннен бастап «7 jalyn» жобасы бойынша өтінім қабылдау науқаны басталды. Аталған кезең осы айдың соңына дейін жалғасады. Ал 15 қазанда жеңімпаздар анықталады. Талап бойынша үміткердің жасы 18-28 аралығында болуы тиіс. Оның өзі қызмет етіп жатқан саласында нақты жетістіктерге жеткен болуы шарт.

Жобаның негізгі мақсаты - табысты жастарды көрсету, олардың өмірлік жолын басқаларға үлгі ету.



«Аталған бастаманың идеологиялық мақсаты да бар. Біз таныс-тамырсыз табысқа жетуге болатынын көрсеткіміз келеді. Қазақстанда кез келген адам өз мақсатына аға-көкесіз де жете алады. Осыны көрсетуіміз керек. Ал «7 jalyn» соның бір дәлелі бола алады», - деп атап көрсетті Т.Болысов.

Айта кетейік, жақында ҚР Кәсіподақтар федерациясы да өз үміткерлерін ұсынатынын мәлімдеген болатын. «100 жаңа есім» жобасының екінші кезеңі аясында барлық өтінімдер келесі айдың ортасына дейін қабылданады. Одан кейін онлайн дауыс беру басталады.

[nur.kz](http://nur.kz)

**Дата:** 17.09.2018

**Ссылка:** <https://kaz.nur.kz/1753191-senator-zas-otbasylardy-zejnetaky-koryndagy-aksasyn-kajtaryp-berudi-syndy.html>

### **Сенатор жас отбасылардың зейнетақы қорындағы ақшасын қайтарып беруді ұсынды**

Сенаторлар зейнетақы қорындағыларға жас отбасылардың жиған қаржыларын қайтарып беруді ұсынды. Депутаттардың сөзінше, отбасылар ол соманы баспана алу үшін бастапқы жарна ретінде пайдаланғаны дұрыс екен.

Сенат депутаты Нариман Төреғалиевтің айтуынша, қазір жас отбасылардың бастапқы жарнаны төлеуге қаржысы жоқ. Сондықтан зейнетақы қорындағы қаражатты соларға берсе дейді.

"Сол зейнетақы қорындағы қаражатты мысалға, жас отбасыларға "7-20-25" бағдарламасы бойынша ипотекалық үй алуға мүмкіндік берсе. Солардың ең болмағанда бастапқы жарнаға жететін ақшасы жоқ. Соларға неге осы қордан сондай жас отбасыларға көмектеспеске? Бір де бір үйі жоқ отбасыларды айтып отырмын", - дейді Нариман Төреғалиев.

Алайда бұл ұсынысты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының басшысы қолдай қоймады.

Нұрбүбі Наурызбаеваның айтуынша, ондағы қаржыны салымшылардың емделуіне, оқу ақысына және ипотекаға пайдалану жайы қаралмаған. Бұл заңда да жазылмапты. Оның үстіне адамдардың жеке шотындағы қаржы алдын ала таратып беруге жеткіліксіз.

Зейнеткерлік жасқа жетсе де шотында небары 2-3 миллион теңге жиналған азаматтар көп екен. Ол үшін жұмысшылар ай сайынғы салымды да 10 пайыздан көтеру керек дейді қор басшысы.

[ҚазАқпарат](#)

Дата: 17.09.2018

Ссылка: [https://www.inform.kz/kz/studentter-astana-hko-da-is-tazhibeden-ote-alady\\_a3394422](https://www.inform.kz/kz/studentter-astana-hko-da-is-tazhibeden-ote-alady_a3394422)

## Студенттер «Астана» ХҚО-да іс-тәжірибеден өте алады

1-7 қазан аралығында әлем бойынша World Investor Week өтеді. Соның аясында «Астана» Халықаралық қаржы орталығы да өз шараларын өткізеді.

«Астана» Халықаралық қаржы орталығының басқарушы директоры Ернұр Рысмағанбетовтың айтуынша, аталған шаралар бірнеше қалада өтеді.

«Бас кезінде біз Астана мен Алматыны ғана қамтуды ойлағанбыз. Сосын ойлап қарасақ, ол жерде онсыз да көп шаралар өтеді екен. Сондықтан Қарағанды, Атырау, Өскемен, Қостанай мен Шымкентті қостық. Келесі жылы шаралардың ауқымын тағы кеңейтеміз. Сол қалаларда біз арнайы конкурс жариялаймыз. Соның нәтижесі бойынша студенттер жазда «Астана» Халықаралық қаржы орталығында өндірістік іс-тәжірибеден өте алады. Сол үшін ақша да төленеді. Осылайша, біз барлық жастарға Халықаралық қаржы орталығын көріп, сол жерде жұмыс істеуге мүмкіндік беруді көздейміз», - дейді Е.Рысмағанбетов.

Айта кетейік, ағымдағы жылы 5 шілде күні «Астана» Халықаралық қаржы орталығы ресми түрде ашылды. Орталықта посткеңестік кеңістікте алғаш рет ағылшын коммерциялық құқығы қағидаттарына және Лондон, Нью-Йорк, Гонконг, Сингапур, Дубай сияқты әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген дербес құқығы бар арнайы юрисдикция енгізілді. Коммерциялық және азаматтық дауларды қарастыратын АХҚО-ның тәуелсіз соты және Халықаралық төрелік орталығы құрылды.

АХҚО базасында әлемнің үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жоғары технологиялық биржасы (AIX) іске қосылды. Шанхай қор биржасы және NASDAQ AIX-тің стратегиялық серіктестері атанды. Астанаға халықаралық сарапшыларды тартуды жеңілдететін «Экспат орталығы» құрылды. АХҚО «бір терезе» жүйесін, оңайлатылған виза беру режимін, тіркеу, жұмыс істеуге рұқсат алу және басқа да рәсімдерді ұсынады. АХҚО-ны дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары: капитал нарығы, активтерді басқару, жеке тұлғалардың дәулетін басқару, исламдық қаржыландыру, қаржылық технологиялар болып табылады.

[baq.kz](http://baq.kz)

Дата: 17.09.2018

Ссылка: [http://baq.kz/kk/news/bilim\\_gilim/zhaponiya\\_semeilik\\_studentter\\_ge\\_stipendiya\\_tagaiindamak20180917\\_221900](http://baq.kz/kk/news/bilim_gilim/zhaponiya_semeilik_studentter_ge_stipendiya_tagaiindamak20180917_221900)

### Жапония семейлік студенттерге стипендия тағайындамақ

Семей қаласы Мемлекеттік Медицина университетінің студенттері Әйгерім Қасымханова мен Мәрия Бекболатова Нагасаки университетінің стипендиясын иеленді.

Алтайнюс порталының жазуына қарағанда, жапониялық университет 1996 жылдан бері үздік студенттерге осындай стипендия тағайындап келеді. Мұнда студенттің академиялық үлгерімі мен жеке басының жетістіктері есептеледі.

Биыл Нагасаки университетінің шәкіртақысы Мемлекеттік Медицина университетінің студенттері Әйгерім Қасымханова («қоғамдық денсаулықта сақтау» факультетінің 5 курс студенті) мен Мәрия Бекболатоваға («жалпы медицина» факультетінің 4 курс студенті) бұйырды. Жеңімпаздар бұл өздері үшін зор мәртебе екендігін атап өтті.

Жапониядан Нобору Такамура мен Макико Орита бастап келген делегация мүшелері қос студенттің болашағынан зор үміт күтетіндігін атап өтті. Бұл бағдарламаның жүлдесін ұтқан студенттердің арқасында оқу орындардың ғана емес, ел мен елдің арасындағы ынтымақтастық арта түскенін тілге тиек етті олар.

Профессор Набору Такамура Жапонияда болған атом бомбасы туралы дәріс оқыды. Апатты жағдайда медицина қызметкерлерінің атқарған қызметі аса жауапты болғандығын мысалдармен келтіре сөйледі ол. Семей мен Нагасаки қаласы бұл жағынан тағдырлас екендігі де сөз болды кездесуде. Қатысушылар құрметті мейманның дәрісінен мол тәлім алып қайтты.

[aikyn.kz](http://aikyn.kz)

Дата: 17.09.2018

Ссылка: <https://aikyn.kz/2018/09/17/67587.html>

### Ынтымақтастық құжаты жастарды жаңа биіктерге жетелейді

Еліміздегі жастар ұйымдары жарқын болашақ жолында күш біріктірді. Бурабайда «Жас Отан» Жастар қанатының ұйымдастыруымен өткен «Жастар – Отанға!» лагерінде Қазақстанның жас лидерлері «Ұлттық патриоттық актіне» қол қойды. Осылайша, ел жастары өзара әріптестікті нығайтып, жастар саясатын жандандыруға

бағытталған бастамаларды бірлесіп жүзеге асырмақ. Лагерь жұмысының салтанатты ашылу рәсіміне «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев қатысты.

«Жастар – Отанға!» жастар саяси лагері 2009 жылдан бері тұрақты өткізіліп келе жатқан игі бастама. Биыл оныншы рет өтіп отырған іс-шараға еліміздің әр аймағынан келген 170 белсенді жас қазақстандық қатысуда. Осылайша, «Жас Отан» жастар қанатының І съезінде Елбасының бастамасымен акция ретінде басталған жоба тың идеялар талқыланатын тиімді алаңға айналып отыр. Бүгінде мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылып жатқан «Дипломмен – ауылға!», «Жастар кадрлық резерві» сияқты ірі жобалар дәл осы лагерь жұмысының нәтижесінде қолға алынғанын ерекше атап өткен жөн.

Барша қатысушыларды лагерьдің ашылуымен құттықтаған Мәулен Әшімбаев жастар ісіне қатысты партия тарапынан атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Қазіргі таңда «Нұр Отан» партиясы Елбасы тапсырмасына сәйкес партия қызметін жаңғырту жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Осы мақсатта 20-дан астам жаңа жоба қолға алынды. Олардың қатарында жастар саясатын жандандыруға қатысты тың бастамалар да бар. Өйткені жастар мәселесі партия жұмысындағы басым бағыттардың бірі. Партияның бастамасымен жастардың бағдарламалау негіздерін, робот техникаларын және 3D модельдеуді үйренуі үшін тегін «1000 IT сынып» ашу жобасы жүзеге асырылуда. Одан бөлек, жас буынның дұрыс тамақтануы мен саламатты өмір салтын ұстануын қамтамасыз ету үшін мектеп асханаларын жаңғырту және мектеп спорт алаңдарын қайта жабдықтау жұмыстарын бастап кеттік. Ауыл жастарына ағылшын тілін үйретіп, отандық кітапханаларды заманауи білім орталығы ретінде қайта құру бастамалары да партия тарапынан іске асырылуда, – деді «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары.

Бүгінде еліміздің бірқатар кітапханаларында аталған коворкинг-орталықтар ашылды. «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастыруымен мұндай орталықтарда Made in QZ ұлттық музыка кеші, «Жеті жарғы» шешендік өнер курстары, «Қолғанат» еріктілер мектебі сияқты жастарға арналған комьюнитилер өткізу ісі қолға алынған. Қазірдің өзінде Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары мен Алматы және Шымкент қалаларындағы жаңғыртылған кітапханаларда балаларға арналған English for kids және ересектерге шет тілдерін үйрететін Speaking club клубтары жұмыс істеп тұр.

Ауыл жастарына ағылшын тілін үйрету үшін «Нұр Отан» ауылдарға волонтерлар жіберу ісін қолға алды. Соның аясында осы айдың соңына дейін «Жас Отанның» ұйымдастыруымен English for Jastar жобасы өз жұмысын бастамақ. Оған 9 елден келген 28 шетелдік азамат пен 140 қазақстандық жас волонтер қатысуға ниет білдірді.

Шілде айында «Жас Отанның» жаңа сайтында J-Library электронды кітапханасы іске қосылды. Қазір ондағы кітап қоры 650-ге

жетті. Жуырда осы электронды кітапхананың интернетсіз, яғни оффлайн режимде оқуға мүмкіндік беретін мобильді қосымшасы іске қосылады.

Одан бөлек, «Жас Отан» жастар қанаты «Таза мекен» жобасы бойынша ел аумағындағы 28 киелі мекенде тазалау жұмыстарын жүргізіп, экскурсиялар ұйымдастырды. Сондай-ақ жастарды бизнеске баулып, тәжірибе алмасуға, бизнес-бастамаларға қолдау көрсетуге бағытталған «Бизнес менторлардың» онлайн платформасын іске қосу жұмыстары пысықталуда. Ауылдық жерлерде жастар арасында шағын кәсіпкерлікті дамытуға арналған «Жастар – ауылға» жобасы аясында «Жас Отан» «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, 300-ден астам жастың басын қосқан бизнес-семинарлар өткізді.

Жастардың робот техникаларына деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Жас Отан» Digital Nation жобасы аясында KazRoboProject2018 республикалық турнирін ұйымдастырды. Оған Қазақстанның барлық өңірінен 3 мыңнан астам жас азамат қатысты.

Мәулен Әшімбаев осындай тың жобаларды табысты жүзеге асыру үшін еліміздің барлық жастарын белсенділік танытуға шақырды. Сондай-ақ ол бұл жұмыстар Елбасы айқындап берген міндеттерді орындауға бағытталғанын айтып, осы жолда жасотандықтардың алдында тұрған басты міндеттерді атап өтті.

– Біріншіден, жасотандықтар «Жас Отанның» IV съезінде қабылданған қорытынды құжаттағы бастамаларды жүзеге асыруға басымдық беруі тиіс. Екіншіден, партия қызметін жаңғырту аясында қолға алынған жаңа жобаларды жүзеге асыруға да белсенді қатысуы керек. Әсіресе, өңірлерде бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды жүргізілуі қажет. Үшіншіден, «Жас Отан» ел жастарын Елбасы саясатына топтастыратын, барлық жастар ұйымдарының басын біріктіретін қозғаушы күш болуы тиіс. Бұл ретте «Ұлттық патриоттық актінің» маңызы зор. Себебі, осы құжат арқылы еліміздегі жастар ұйымдары бірлесіп жұмыс істеуге бел буып отыр. Төртіншіден, ауыл жастарына көп көңіл бөлуіміз керек. Партия жүзеге асырып жатқан мектеп асханалары мен спорт алаңдарын жаңғырту, IT сыныптар ашу, ағылшын тілін үйрету сияқты партиялық жобалар негізінен осы ауыл жастарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан жасотандықтар осындай партиялық жобаларды жүзеге асыруда көбіне ауылдық жерлерге басымдық беру тиіс. Бесіншіден, «Жас Отан» жастар қанатының өкілдері Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға белсене қатысып, ұлттық кодты сақтау, мәдени мұраларымыз бен құндылықтарымызды дәріптеу сияқты басымдықтарды жүзеге асыруда жүйелі әрекет етуі тиіс. Аталған басымдықтардың алдыңғы легінде жастар жүруі керек, – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары қазіргі жаңа үрдістер мен құндылықтарға байланысты

бәсекеге қабілетті болу үшін жастардың бойында қандай қасиеттер болуы керектігін айтты.

– Ел жастарының бойында ұдайы ізденіс, ашық сана, асқақ арман және ұлттық мүдде болуы тиіс. Бұл – бүгінгі заман талабы. Сондықтан ізденуден, оқудан, үйренуден жалықпау керек. Сондай-ақ барлық мәселеде біржақты болмай, балама пікірлерді де ескерген жөн. Дұрыс армандап, нақты мақсаттар қоя білу керек. Ең бастысы, барлық істе ұлттың, елдің мүддесін жоғары қойып, халықтың қамы үшін еңбек етуіміз керек, – деді Мәулен Әшімбаев.

Іс-шара барысында жастар қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты пікірлерін білдіріп, спикерге өз сауалдарын жолдады.

Лагерь жұмысы 19 қыркүйекке дейін жалғасады. Биылғы лагерьдің ең басты жаңалығы Қазақстан жастарының «Ұлттық патриоттық актіге» қол қоюы болып отыр. Бұл құжатқа «Жас Отан» жастар қанатымен бірге Қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы ісі жөніндегі комитеті, «Қазақстанның жастар конгресі», «Халықаралық «Болашақ» стипендиясы стипендиаттарының қауымдастығы», «Қазақстан студенттерінің альянсы», «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы, Қазақстан халқы ассамблеясының «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысы сияқты бірқатар жастар ұйымдары қол қойды.

«Үкімет пен қоғамның жастардың материалдық, әлеуметтік, білім, эмоционалды, мәдени және рухани қажеттіліктері мен мәселелерін шешуге бағытталған күш-жігеріне келісе отырып, жастардың қоғамда позитивті күшке ие екенін және қоғамның дамуы мен алға жылжуына әсер ететін үлкен күш-қуатқа ие екенімен келісе отырып, еліміздің мемлекеттік жастар саясатының игілігіне қызмет етуге міндеттелміз. Жастардың жай-күйі мен қажеттіліктерін, құндылықтары мен басымдықтарын есепке ала отырып, күш-қуатының өсуіне ресми және бейресми жастар ұйымдары мен қауымдастықтарды нығайту мен басты мемлекеттік ұйымдармен бірге ынтымақтастық орнату арқылы іске асырамыз. Осы Актіні қабылдау арқылы біз, жас көшбасшылар, жоғарыда көрсетілген шараларды іске асыруға міндеттелміз және осы Актіде көрсетілген мақсаттардың, жастардың белсенді қатысуымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзақ мерзімдік еліміздің жастар саясатының және жастардың ұлттық саясат туралы бірегей қабылдауы мен осы Акті аясында қабылдайтын алдағы бағдарламаларының орындалуына жағдай жасаймыз» делінген құжат мәтінінде.

Осы ретте алдағы уақытта да қазақстандық жас лидерлердің ынтымақтастық құжаты аталған Актіге қол қоюға кез келген жастар ұйымының мүмкіндігі бар екенін атап өткен жөн.

Лагерь жұмысы барысында қатысушылар Jas Otan Ironman үшсайысы, яғни садақ ату, велосипед, жүгіру-яркокросс пен шығармашылық кештерде сынға түседі. Сондай-ақ арнайы шақырылған

білікті сарапшылардың дәрістерін тыңдап, өзекті мәселелерді талқылау жоспарланып отыр. Лагерь қонақтарының қатарында белгілі қоғам қайраткерлері, Мәжіліс депутаттары, білікті мамандар мен спортшылар бар. Олар жастарға табысқа жету жолдары мен өз салаларына қатысты соңғы үрдістер жайын сөз етпек.

Еламан ҚОҢЫР

[«Егемен Қазақстан» egemen.kz](http://egemen.kz)

Дата: 17.09.2018

Ссылка: <https://egemen.kz/article/174552-zhas-koeshbasshylyar-kimder-bolady>

### Жас көшбасшылар кімдер болады?

Қазақстан жастарының конгресі «Рухани жаңғыру» жобасы аясында еліміздегі ең белсенді жастар арасынан алдыңғы қатарлы 7 азаматты анықтамақ. Ұйымдастырушылар бұл жөнінде «Қазмедиа» орталығында өткен брифингте мәлімдеп, жастарды шараға белсенді қатысуға шақырды.

Конгресс жастары Ақпарат және коммуникациялар, сондай-ақ Қоғамдық даму министрліктерімен бірлесе отырып жариялаған жаңа жоба «7 jalyп» атауы-мен жүзеге асады. Оның мақсаты – Қазақстан бойынша табысты, бәсекеге қабілетті, білім культін насихаттап жүрген 18 бен 29 жас аралығындағы 7 жасты іріктеп, олардың қоғам дамуына қосқан үлесін үлгі ету. Іріктеу 17 қыркүйек пен 15 қазан аралығында өткізіледі.

Брифингке Мәжіліс депутаты Геннадий Шиповских, Қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы комитеті төрағасының міндетін атқарушы Асхат Оралов, «Қазақстан жастары конгресі» атқарушы директоры Тоқтар Болысов, қоғам қайраткері Бақыт Сыздықова, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының былтырғы жеңімпазы Ернұр Рысмағанбетов, «Qazaqstan» телеарнасының жүргізушісі Ирина Тен және республикалық жастар ұйымдарының басшылары қатысты.

«7 jalyп» бес кезеңнен тұрады. Жоба 17 қыркүйек күні басталып, оған 30 қыркүйекке дейін өтінім қабылданады. Өті-нішті жастар ұйымдары, жастар ресурстық орталықтары, үкі-меттік емес ұйымдар және өз атынан белсенді жастар жібере алады. Олар 1-5 қазан аралығында қарастырылып, 15 қазанда жеңімпаздар ресми түрде жарияланады. Іріктелген 7 жалынды жеңімпаз «Қазақстан жастарының конгресі» атынан «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына ұсынылмақ.

Венера ТҮГЕЛБАЙ



[baq.kz](http://baq.kz)

Дата: 18.09.2018

Ссылка: [http://baq.kz/kk/news/bilim\\_gilim/serpin\\_zhobasi\\_boiinsha\\_15\\_minga\\_zhuik\\_student\\_bilim\\_aluda\\_20180918\\_105300](http://baq.kz/kk/news/bilim_gilim/serpin_zhobasi_boiinsha_15_minga_zhuik_student_bilim_aluda_20180918_105300)

## **«Серпін» жобасы бойынша 15 мыңға жуық студент білім алуда**

Елімізде жүзеге асырылап жатқан «Серпін» жобасы аясында елдегі 26 жоғарғы оқу орнында 12 500 студент және 37 колледжде 2 300 студент білім алуда. Бұл жөнінде бүгінгі үкімет отырысында ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев мәлімдеді.

«Соңғы жылдары кадрлар даярлау сапасы жақсарып, оқу орнын бітірушілерді жұмысқа орналастыру көрсеткіші артты. Соңғы 10 жылда өзін жұмыспен қамтыған жастар саны азайды. Жастар жаңа экономикалық жағдайға жылдам бейімделіп, үйреніп отыр. Дегенмен, олардың практикалық тәжірибесі болмағандықтан, еңбек нарығындағы сұранысы әлі де аз. Өзін жұмыспен қамтыған жастар арасында практикалық кәсіби білімі жоқ жастар көптеп кездесуде», - деген министр жұмыссыз жастардың көбісінде орта білім ғана бар екенін айтты.

Сағадиев елдегі «Серпін» жобасы қаражатына 2019 жылы қатысты жаңашылдық енгізіліп отырғанын да атап өтті.

«Қазіргі таңда «Серпін» жобасы аясында елдегі 26 жоғарғы оқу орнында 12 500 студент және 37 колледжде 2 300 студент білім алуда. Бұл бағдарлама жастар, соның ішінде, әлеуметтік мәртебесі төмен отбасындағы жастар арасында маңызы жоғары. Алайда, осы жоба бітірушілеріне жұмысқа орналасу бойынша кепілді орынның болмауы проблемалық мәселенің бірі болып отыр. Осы мақсатта министрлік еңбек «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың төрт жылдарға арналған бағдарламасының жобасында «Серпін» түлектерінің еңбек күші аз өңірлерге жұмысқа орналасуы бойынша норма енгізді. Жоба аясында жастарды жұмыспен қамту үш жақты келісімге сәйкес жүзеге асырылады. Одан басқа, Бюджет кодексіне сәйкес, «Серпін» жобасына көзделген қаржы 2019 жылдан бастап республикалық бюджеттен трансферт ретінде әкімдіктер бюджетіне беріледі», - деді ведомство басшысы.

Министрдің айтуынша, елде дуальді оқыту 460 колледжге енгізіліп, оған 3 мыңнан астам кәсіпорын қатысып отыр және бүгінгі күні 31 мың студент дуальді оқыту бойынша білім алуда.

[ҚазАқпарат](#)

Дата: 18.09.2018

Ссылка: [https://www.inform.kz/kz/kazakstanda-nietsiz-zhastardyn-sany-bir-kalanyn-xalkymen-birdey-ministr\\_a3395043](https://www.inform.kz/kz/kazakstanda-nietsiz-zhastardyn-sany-bir-kalanyn-xalkymen-birdey-ministr_a3395043)

### **Дархан Кәлетаев: Қазақстанда «ниетсіз жастар» саны бір қаланың халқымен бірдей**

Бүгін Үкімет отырысында ҚР Қоғамдық даму министрі Дархан Кәлетаев жұмыссыз жастар мәселесін көтерді.

Министрдің айтуынша, мемлекеттік басқару саласында оқу-білімге құлықсыз, саяси және азаматтық белсенділігі төмен, жауапкершікті өз мойнына алуға ниетсіз жастарға қатысты нақты бір термин бар.

«Қазақ тілінде бұл термин ағылшын нұсқасын қайталап отыр. Алайда қазақ пайымына салатын болсақ, бұл топты «ниетсіз» деп бір сөзбен атауға болатын шығар. Ондай мінез-құлық, көп жағдайда, жастардың қоғамнан қашуына әкеліп соқтырады. Олар әлеуметтік ортада өздерін керексіз ден санайды. Суицид пен девиация сияқты проблемалардың барлығы осыдан туындайды. Отбасы құндылықтары бұзылады», - деді Д.Кәлетаев Үкіметтің бүгінгі отырысында.

Оның сөзіне қарағанда, елімізде «ниетсіз жастардың» нақты категориялары анықталды. Олар - білім деңгейі төмен, еңбекке жарамсыз, психикалық ауытқулары барлар, жайсыз отбасынан шыққандар және тұрғылықты жерін үнемі ауыстыратындар.

«Жастардың жағдайы мен көңіл-күйіне жұмыссыздық тікелей әсер етеді. Халықаралық еңбек ұйымының өткен жылғы баяндамасына сәйкес, соңғы 20 жылдың ішінде әлемде жастардың саны 139 млн адамға өскен. Ал жұмыспен қамтудың үлесі 30 млн адамға кеміген. Қазақстанда жастарды жұмыспен қамту мәселесі жақсарып келеді. Мәселен, 2011 жылы еңбек пен оқуға тартылмаған жастардың үлесі 18,6 процент болса, биылғы жылы аталған көрсеткіш 7,7 процентке кеміді. Алайда бұл жерде шешімін таппай жатқан бірқатар мәселелер бар. Біріншіден, «ниетсіз жастардың» саны 300 мыңнан асады. Былай қарасаң, ол бір облыс орталығында тұратын халықтың санымен бірдей. Екіншіден, оңтүстік өңірлерде, сондай-ақ, Маңғыстау мен Қарағанды облыстарында жұмыспен қамтылмаған жастардың саны тым жоғары. Үшіншіден, жас әйел адамдардың осы топқа кіру қаупі зор болып отыр», - деп атап көрсетті Д.Кәлетаев.

[baq.kz](http://baq.kz)

Дата: 18.09.2018

Ссылка: [http://baq.kz/kk/news/karzhi/biil\\_400ge\\_zhuik\\_zhas\\_kasipkerge\\_mikrokredit\\_berildi\\_bilkasimova\\_20180918\\_113600](http://baq.kz/kk/news/karzhi/biil_400ge_zhuik_zhas_kasipkerge_mikrokredit_berildi_bilkasimova_20180918_113600)

## Биыл 400-ге жуық жас кәсіпкерге микрокредит берілді – Әбілқасымова

Бүгін Үкімет отырысында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова жастарды жұмыспен қамту мәселесі бойынша есеп берді.

«Жастарды жұмыспен қамту мақсатында «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы шеңберінде жастарды мемлекеттік қолдаудың келесі қосымша құралдары көзделген. Біріншіден, жастар қатарындағы 13,5 мың адам еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды үйрену үшін колледждер мен оқу орталықтарына қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарына жіберілді. Екіншіден, биылғы жылы 4 536 адам «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды, жастар қатарынан 396 адам микрокредит алды», - деді Әбілқасымова.

Министрдің айтуынша, үшіншіден, 2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Бағдарлама шеңберінде 136,9 мың адам жұмысқа орналастырылды, олардың ішінде 86,7 мың адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, ведомство басшысы Бағдарлама шеңберінде «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» қосымша құралы бар екенін айтты.

«Серпін» жобасы бойынша жұмыс күші көп өңірлердегі жастарға жұмыс күші тапшы өңірлерде тегін жоғары техникалық және кәсіптік білім алу мүмкіндігі беріледі. Қазіргі уақытта 16 472 адам 26 жоғары оқу орнында білім алып жатыр. Биылғы жылы 5 089 адам жоғары оқу орындарында және 715 адам техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарында жобаға қатысып отыр», - деді Мәдина Әбілқасымова.

Дегенмен, бүгін министр жыл сайын мектеп түлектерінің 19%-ы мамандық ала алмайтынын айтқан болатын.

[baq.kz](http://baq.kz)

Дата: 18.09.2018

Ссылка: [http://baq.kz/kk/news/bilim\\_gilim/zhil\\_saiin\\_mektep\\_tulekterinin\\_19i\\_mamandanbaidi\\_ministr20180918\\_112100](http://baq.kz/kk/news/bilim_gilim/zhil_saiin_mektep_tulekterinin_19i_mamandanbaidi_ministr20180918_112100)

### **Жыл сайын мектеп түлектерінің 19%-ы маманданбайды - министр**

Бүгін Үкімет отырысында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова жастарды жұмыспен қамту мәселесі бойынша есеп берді, деп хабарлайды Baq.kz тілшісі.

"2018 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,8%-ды немесе 82,4 мың адамды құрайды. Бұл республикадағы жұмыссыздықтың деңгейінен төмен. Жұмыспен қамтылған жастардың жалпы саны – 2 миллион 100 мың адамды құрайды. Жұмыспен қамтылған жастардың 1,5 миллионы жалдамалы жұмыскерлер, ал 456 мыңы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарына жатады", - деді Әбілқасымова.

Министрдің айтуынша, жыл сайын 120 мыңнан астам мектеп түлегі еңбек нарығына қосылады. Олардың 18%-ы колледжге, 60%-ы жоғары оқу орындарына түседі, ал қалған 19%-ы мамандық алмай қалады, қалған 4%-ы шетелге кетеді, әскерге шақырылады.

"Жастардың 36%-ында жоғары білімі, 39%-ында арнайы орта білімі бар. Ал жастардың 25%-ының білімі негізгі, бастауыш, жалпы білім деңгейінде. Осыған байланысты білімі жоқ жастарды алғашқы мамандығымен қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2017 жылғы 1 қыркүйектен бастап Тегін кәсіптәк техникалық білім жобасы іске асырылуда. Жыл сайын 21 мыңнан астам адам техникалық және жұмысшы кәсіптеріне оқытылады. Осы жоба бойынша жастар қатарынан 38 мың адам оқытылып жатыр", - деді Мәдина Әбілқасымова.

[jasqazaq.kz](http://jasqazaq.kz)

Дата: 18.09.2018

Ссылка: <http://jasqazaq.kz/2018/09/18/darhan-kaletaev-frilanserler-nietsiz-adamdarga-zhatady/>

## **Дархан Кәлетаев: фрилансерлер «ниетсіз адамдарға» жатады**

ҚР Қоғамдық даму министрлігі оқу-білімге құлықсыз әрі нақты ұстанымы жоқ жастардың бірнеше тобын анықтады. Олардың ішінде фрилансерлер де бар.

Министр Дархан Кәлетаевтың айтуынша, бірінші топқа әлеуметтік қолдау жүйесімен қамтылмағандар және ата-анасының қамқорлығында отырғандар кіреді. «Саяси жағынан бұл жастар мемлекетке ниеттес, алайда жергілікті деңгейде сыни көзқараста болуы мүмкін. Жас өлшемі бойынша кіші топ — 18-22 жастың аралығы, орта топ — 22-24 жас аралығы, ересектер тобы — 25-29 жас аралығы. Жалпы, жұмыспен, оқумен қамтылған жастардың жеті тобын атауға болады. Бірінші тобы — асырауда отырғандар. Олардың білімі мен тәжірибесі бар. Бірақ оқу мен жұмысты жалғастыруға ынтасы жоқ. Екінші топ — жас әйелдер, жас балалары бар, жалғызбасты аналар, соның ішінде ерте ана болғандар. Үшінші топ — фрилансерлер, еркін ақша табуды, жүйесіз жұмыс пен көлеңкелі секторды артық санайтын кездейсоқ табыспен күн көретіндер. Төртінші топ — ауыл жастары. Олар — біліктілігі мен тәжірибесі жоқ, қосалқы шаруашылыққа тартылғандар. Бесінші топ — мүмкіндігі шектеулі жандар. Алтыншы топ — әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққандар. Оларда оқуды жалғастыруға ниет бар. Бірақ мүмкіндігі жоқ. Ал жетінші тобы — түрмеден шыққандар, есірткі мен ішімдікке тәуелді жастар», — деді Д.Кәлетаев Үкіметтің бүгінгі отырысында. Айта кетейік, бүгін ҚР Қоғамдық даму министрі Дархан Кәлетаев жұмыссыз жастар мәселесін көтерді. Оның айтуынша, мемлекеттік басқару саласында оқу-білімге құлықсыз, саяси және азаматтық белсенділігі төмен, жауапкершікті өз мойнына алуға ниетсіз жастарға қатысты нақты бір термин бар. «Қазақ тілінде бұл термин ағылшын нұсқасын қайталап отыр. Алайда қазақ пайымына салатын болсақ, бұл топты «ниетсіз» деп бір сөзбен атауға болатын шығар. Ондай мінез-құлық, көп жағдайда, жастардың қоғамнан қашуына әкеліп соқтырады. Олар әлеуметтік ортада өздерін керексіз деп санайды. Суицид пен девиация сияқты проблемалардың барлығы осылай туындайды. Отбасы құндылықтары бұзылады», — деп атап көрсетті Д.Кәлетаев.

[caravan.kz](http://caravan.kz)

Дата: 18.09.2018

Ссылка: <https://kaz.caravan.kz/zhangalyqtar/qazaqstanda-neet-zhastardy-zhumyspen-qamtu-zhane-aleumettendiru-bojjynsha-zhol-kartasy-azirlendi-214966/>

## Қазақстанда NEET жастарды жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасы әзірленді

Қазақстанда NEET жастарды жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасы әзірленді

ҚР Қоғамдық даму министрлігі 18-ден 29 жасқа дейінгі жас аралығындағы NEET жастарды, оның ішінде 2018 жылғы түлектерді жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасын әзірледі. Бұл туралы ҚР Үкіметінің отырысында ҚР Қоғамдық даму министрі Дархан Кәлетаев хабарлады.

Жол картасы 30 тармақтан тұрады және жастарды әлеуметтендіру бойынша бірқатар өзекті іс-шараларды қамтиды. Атап айтқанда, кәсіпті таңдау бойынша жастар үшін консультациялық орталықтарды құру, техникалық және кәсіптік білім беруді жолға қою, дуальдық білім тиімділігін арттыру, еңбек нарығында жастардың тарапынан сұраныс және ұсыныс картасын әзірлеу, сондай-ақ, жастар кәсіпкерлігін дамыту шаралары бар.

Жастар кәсіпкерлігін дамыту мақсатында Дархан Кәлетаев жастардың стартап жобаларын бизнес-жоспарды ұсынған кезде мемлекеттік гранттық қаржыландыру мәселесін енгізуді ұсынды.

Жол картасы аясында баспана мәселесін шешу үшін министр Алматы қаласының тәжірибесін негізге ала отырып, өңірлік тұрғын үй бағдарламалары арқылы жастардың тұрғын үй кооперативтерін құруды ұсынды.

Сонымен қатар, жастар ресурстық орталықтары қызметін және әдістемелер мен заңнамаларды жетілдіру жоспарланған.

Айтылған мәліметтерге сәйкес, халықаралық еңбек ұйымының 2017 жылғы баяндамасында 20 жылдың ішінде әлемдегі жастардың саны 139 млн. адамға өсті, ал жұмыспен қамтудың үлесі 35 млн. адамға кеміді деп көрсетілген. Жалпы жаһандық еңбек күшіндегі жастар үлесі 1997 жылы 21,7%-дан 2017 жылы 15,5%-ға төмендеді. Сонымен қатар, NEET жастарының үлесін жаһандық бағалау 21,8%-ды құрайды, олардың ішіндегі төрттен үші (3/4) әйелдер.

Қазақстанда NEET жастарының жоғары көрсеткіштері оңтүстік өңірлерде, сондай-ақ Маңғыстау және Қарағанды облыстарында (10-нан 13%-ға дейін, 2017 жыл) тіркелген.

Елімізде әлеуметтендірудің ешбір әдістерімен қамтылмаған 14-тен 29 жасқа дейінгі жастардың үлесі 2001 жылғы 18,6%-дан биылғы жылы (2018 жылғы 2-тоқсан) 7,7%-ға дейін кеміді.

[caravan.kz](http://caravan.kz)

**Дата:** 18.09.2018

**Ссылка:** <https://kaz.caravan.kz/zhangalyqtar/elimizde-mektep-oqushylaryna-qytajj-tilin-kushtep-ujiretip-zhatyr-214985/>

### **Елімізде мектеп оқушыларына қытай тілін күштеп үйретіп жатыр**

Ақтөбеде қаласындағы №51 мектеп-гимназиясынан шу шықты. Бесінші сынып оқушысының ата-анасы баласына қосымша қытай тілін үйрету үшін ата-аналар жиналысы өткенін мәлімдеді.

«Балалар онсыз да қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сабақ оқиды. Енді келіп, аптасына екі сағат қытай тілін оқыту керек деп шешіпті. Оның үстіне, өзіміз орыстілді болған соң, баламызды қазақ мектебіне бергенбіз, — дейді аты-жөнін атамауды өтінген ата-ана.

Ақтөбе қалалық білім бөлімінің басшысы Ләззат Оразбаева «Тілшіге» бұл жайттан хабарсыз екенін жеткізді. Дегенмен, «ата-аналар қаласа, қосымша курс ашуға болады» деді ол.

Белгілі болғандай, аталған мектеп-гимназиясындағы қосымша қытай тілі сабағын ашу туралы бастаманы ата-аналар емес, білім ордасының өзі көтерген екен.

«Біздің мектепте неміс, араб, француз тілдерінің мұғалімдері жұмыстан кетіп қалды. Қытай тілі маманы келді. Сондықтан, сарапшылар кеңесі осы пән бойынша қосымша сабақ өткізу жөнінде шешім қабылдадық. Аптасына екі сағат бесінші сынып оқушыларын оқытамыз. Мектеп бітірген түлектеріміз Қытайға оқуға кетіп жатады. Кейбірі ақылы негізде тіл үйреніп жүр. Осыларды ескере келе, биыл алғаш рет қытай тілі сабағын енгізіп отырмыз. Оның әрі қарай жұмыс істейтінін-істемейтінін келесі жылы шешетін боламыз», — дейді № 51 мектеп-гимназиясы директорының орынбасары Жанна Құспанова «Тілшіге».

Ақтөбе облыстық білім бақсармасының басшысы Сәуле Өмірбекованың айтуынша, «факультативті сабақтар оқу жоспарының вариативті бөлігіне сәйкес өткізіледі. Оған қатысу ерікті түрде, №51 мектеп-гимназиясы лингвистикалық білім беру мекемесі», — деді ол.



[Атырау газеті](#)

Дата: 18.09.2018

Ссылка: <http://atr.kz/r-prezidenti-ke-sesini-basshyisi-mahm-d-asyimbekov-atyraulyi-studenttermen-kezdesti/>

## **ҚР Президенті кеңсесінің басшысы Махмұд Қасымбеков атыраулық студенттермен кездесті**

Кездесу «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі қор көрмесі жобасы аясында өтті.

Бүгін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде студенттерге арналған Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының – «Рухани жаңғыру: Болашаққа бастар жол» семинар-тренингі өтті, деп хабарлайды өңірлік коммуникациялар қызметі. Семинар барысында ҚР Президенті кеңсесінің басшысы Махмұд Қасымбеков көрме туындылары туралы баяндады.

«Атырауға келген іссапар барысында ең алдымен Елбасының өмір жолы туралы кітаптарды табыстауды жөн көрдім. Бұл кітаптарда Мемлекет басшысы, оның өмірбаяны, сондай-ақ Президенттік жолы туралы деректер бар. Осы деректерді оқу үрдісіне пайдалануды ұсынамын. Жастарымыз ел мен Елбасы тарихынан хабардар болуы керек», – деді Махмұд Қасымбеков.

Семинарға облыс әкімі Нұрлан Ноғаев та қатысып, жергілікті атқарушы органдар тұрғындардың көрме жәдігерлерімен танысуына барлық жағдайды жасайды деп сендірді.

«Барша атыраулықтар атынан Махмұд Базарқұлұлына ризашылығымызды білдіргім келеді. Себебі, бүгін ұйымдастырылып отырған кездесу Сіздерге Елбасыны жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді. Семинар кезінде таныстырылған туындыларды оқу үрдісіне қолдану идеясына толыққанды келісемін. Өз тарапымыздан көрменің жоғары деңгейде өтуіне барлық жағдай жасаймыз», – дейді өңір басшысы.

Кездесу барысында Махмұд Қасымбеков Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде құрылған «I Space» коворкинг орталығында болды. Мұнда студенттер заманауи инфрақұрылымды дамытып, жаңа жобаларды, кәсіпкерлік идеяларын жүзеге асырып, ағылшын тілін үйрене алады.

Айта кетейік, бүгін, яғни 18 қыркүйек күні Атырауда «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» Елбасының көшпелі қор көрмесінің ашылу салтанаты өткен еді. Көрмені Ш.Сариев атындағы мұражайдан екі ай көлемінде тегін тамашалауға болады.

[bnews.kz](http://bnews.kz)

Дата: 18.09.2018

Ссылка: [https://bnews.kz/kz/news/kaletaev\\_elimizdegi\\_neet\\_zhastardi\\_zhumispen\\_kamtu\\_zholdarin\\_usindi](https://bnews.kz/kz/news/kaletaev_elimizdegi_neet_zhastardi_zhumispen_kamtu_zholdarin_usindi)

## **Кәлетаев еліміздегі "NEET жастарды" жұмыспен қамту жолдарын ұсынды**

Елімізге енген NEET терминін тарқатып айтсақ, "Not in Employment, Education or Training", яғни "не жұмыс жасамайтын, не оқымайтын, өзге де істермен айналыспайтын" деген мағына береді.

ҚР Қоғамдық даму министрлігі 18-ден 29 жасқа дейінгі жас аралығындағы NEET жастарды, оның ішінде 2018 жылғы түлектерді жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасын әзірледі. Бұл туралы ҚР Үкіметінің отырысында ҚР Қоғамдық даму министрі Дархан Кәлетаев мәлімдеді.

Өткен жылдан бері жастар саясатында "NEET жастар" деген ұғым пайда болды. Бұл сөздің мән-мағынасын жастар саясатына жауапты басқарма мамандары оқу бітіргеннен кейін алты ай көлемінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген жастар осы санатқа жатады деп түсіндіруде.

Елімізге енген NEET терминін тарқатып айтсақ, "Not in Employment, Education or Training", яғни "не жұмыс жасамайтын, не оқымайтын, өзге де істермен айналыспайтын" деген мағына береді екен. Яғни, не еліне, не отбасына пайдасы жоқ "масыл" сөзімен мағыналас ұғым.

"Жол картасы 30 тармақтан тұрады және жастарды әлеуметтендіру бойынша бірқатар өзекті іс-шараларды қамтиды. Атап айтқанда, кәсіпті таңдау бойынша жастар үшін консультациялық орталықтарды құру, техникалық және кәсіптік білім беруді жолға қою, дуальдық білім тиімділігін арттыру, еңбек нарығында жастардың тарапынан сұраныс және ұсыныс картасын әзірлеу, сондай-ақ, жастар кәсіпкерлігін дамыту шаралары бар", - деді ҚР Қоғамдық даму министрі.

Жастар кәсіпкерлігін дамыту мақсатында Дархан Кәлетаев жастардың стартап жобаларын бизнес-жоспарды ұсынған кезде мемлекеттік гранттық қаржыландыру мәселесін енгізуді ұсынды.

"Жол картасы аясында баспана мәселесін шешу үшін Алматы қаласының тәжірибесін негізге ала отырып, өңірлік тұрғын үй бағдарламалары арқылы жастардың тұрғын үй кооперативтерін құруды ұсынамын", - деді министр.

Сонымен қатар, жастар ресурстық орталықтары қызметін және әдістемелер мен заңнамаларды жетілдіру жоспарланған.

Айтылған мәліметтерге сәйкес, халықаралық еңбек ұйымының 2017 жылғы баяндамасында 20 жылдың ішінде әлемдегі жастардың

саны 139 млн адамға өсті, ал жұмыспен қамтудың үлесі 35 млн адамға кеміді деп көрсетілген. Жалпы жаһандық еңбек күшіндегі жастар үлесі 1997 жылы 21,7%-дан 2017 жылы 15,5%-ға төмендеді. Сонымен қатар, NEET жастарының үлесін жаһандық бағалау 21,8%-ды құрайды, олардың ішіндегі төрттен үші (3/4) әйелдер.

Қазақстанда NEET жастарының жоғары көрсеткіштері оңтүстік өңірлерде, сондай-ақ Маңғыстау және Қарағанды облыстарында (10-нан 13%-ға дейін, 2017 жыл) тіркелген.

Елімізде әлеуметтендірудің ешбір әдістерімен қамтылмаған 14-тен 29 жасқа дейінгі жастардың үлесі 2001 жылғы 18,6%-дан биылғы жылы (2018 жылғы 2-тоқсан) 7,7%-ға дейін кеміді.

[baq.kz](http://baq.kz)

**Дата:** 18.09.2018

**Ссылка:** [http://baq.kz/kk/news/okiga/astanada\\_baspana\\_izdegen\\_studentt\\_erd\\_i\\_alayak\\_rieltorlar\\_aldap\\_ketti20180918\\_115800](http://baq.kz/kk/news/okiga/astanada_baspana_izdegen_studentt_erd_i_alayak_rieltorlar_aldap_ketti20180918_115800)

### **Астанада баспана іздеген студенттерді алаяқ риэлторлар алдап кетті**

Астаналық риэлторлар жатақханаға жарымай, жайлы баспана іздеген студенттерді алаяқтар тақырға отырғызып кетті.

Елордаға білім алуға келіп, бар ақшасынан қағылған бір топ қыз енді не істерін білмей дал. Пәтер тауып беремін деп уәде беріп, қызметі үшін алдын-ала қаражатын алған риэлторлар ізім-ғайым жоғалған. Білместіктен бармақ тістеп, айдың күннің аманында алданған студенттер сан соққандарын кеш түсінген. Жалдамалы үй іздеген жандар нені білуі тиіс? Делдалдарға жем болмаудың жолдары қандай?

Астанаға арман қуып келіп, оқуға түскендердің бірі – Аружан. Алайда, жатақханадан орын тимеген соң құрбыларымен бірігіп жалдап тұратын пәтер іздей бастаған. Екі апта бойы сарылып жүрген ол ақыры риэлтордың көмегімен ойындағы баспананы тапқан. Алайда, еңбегімнің ақысы деп 15 мың теңгені алған маман сол бойда ол ізін суытыпты. Телефонын да сөндіріп тастаған. Бойжеткендер сан соғып қалғандарын сол кезде бір-ақ білген.

«Сол риелтор бір пәтерді тапқан болатын. Біз кездесіп, ақшасын беріп, кілтін алдық. Ол түн іші болатын. Сөйтсек ол басқа үйдің кілтін беріп, бізді тағы да алдап кетті. Біз пәтерсіз түнде, үйсіз, дымсыз қалдық. Біз бір күнге 15 000 бердік. Сол кезде біз бірінші үш күнге аламыз деп ойладық. Сосын ұзақ мерзімді келісімшартқа отырған кезде, жоқ болып кетті. Бірақ, бір күнге 15000 бердік», - дейді студент Аружан Бисалиева.

Аружан секілді алданғандардың қатарында Мақпал мен Айдана да бар. Олар да жалдап тұратын үй іздеп, көп сандалған. Ғаламторды бірнеше күн ақтарып, тағы бір риэлторға жолығыпты. Ол да қаржыны қалтасына басқан соң қыздардың қолына пәтердің жалған мекен-жайын ұстатып, ұшты-күйлі жоғалып тынған.

«Біз Айдана екеуіміз екі қаладан осы Астанада оқуға келіп едік. Кейін екеуімізде пәтер іздедік. Іздеген кезде риэлтормен интернет арқылы байланысқан едік. Бізге риэлтор 15 пәтердің списогін беріп, кейін біз оларды Айдана екеуіміз қарап шыққан кезде, біреуі де шындыққа жанаспады. Яғни, ол бізді алдап, ақшасын алып кетті. Жарты ақшасын», - дейді студент Мақпал Дүйсен.

Астаналық риэлтор Айжан Балташеваның айтуынша, осы іспен кәсіби тұрғыда айналысатын маманның арнайы төлқұжаты болады. Сондықтан да, алаяқтарға тап болмау үшін міндетті түрде оны тексеріп алған жөн. Әйтпесе, ақшаңыздан айырылып, далада қалып қоюыңыз әбден мүмкін. Алдын-ала делдалдың құжатын тексеріп, жұмыс орнына барып, танысу қажет. Сонда ғана қайси риэлтордың қандай екенін анықтай аласыз.

«Содан кейін ол пәтерге барып, егер Сіз сол пәтерді ұнатсаңыз, ол жаңағы пәтердің иесімен таныстырып, барлық төлқұжаттың барлығын толтырып, көрсетіп және соның бәрін істеп болғаннан кейін ғана өз төлемақысын алады. Ал егер де Сіздерге айтатын болса, бізге бірінші төлемақыны төлеп, одан кейін біз тауып беретін болсаңыз, ол уже алаяқ деп есептеледі. Ондай адамдарға сенбеңіздер», - дейді риэлтор Айжан Балташева.

Елімізде риэлтолардың қызметін реттейтін құзырлы органдардан талап болса, осындай келеңсіздіктердің алдын-алуға болушы еді, дейді заңгерлер. Себебі, АҚШ пен Еуропа елдерінде делдалдардың барлық міндеттерін тайға таңба басқандай етіп көрсетіп қойған заң бар. Ал, біздің елде арнайы осы салаға қатысты заң жоқ.

«Біріншіден, риэлтор қызметіне жүгінген кезде, бір қатар құжаттарды сұратып алуға кез келген жалға берушінің, жалға алушының құқысы бар. Келісім шартты заңды түрде рәсімдеу, ол риэлтордың міндеті болып табылады. Егерде ол қандайда бір алаяқтықпен айналысатын болса, ол қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғады» - дейді заңгер Айдос Шәріпжанов.

Айта кетейік, Астанада 2000-нан астам риэлторлық агенттік жұмыс істейді. Олардың ішінде 134-і ғана жіті тексерістен өткен. Бірақ, заңсыз жұмыс істеп жатқаны бұдан да көп болуы мүмкін дейді мамандар. Осылайша, байып қалғысы келетін делдалдардың құрығына түспеу үшін, барынша мұқият болған жөн.

## NEET: жастардың ниеті қалай түзеледі?

Үкімет осы отырысында «оқымайтын және еңбек етпейтін жастарды әлеуметтендіру және жұмыспен қамту жөніндегі жол картасының» (NEET) жобасын мақұлдады.

NEET (Not in education, employment or training) ұғымы «еш жерде оқымайтын, жұмыс істемейтін және біліктілігін арттырмайтын» деген мағынаны береді. Мәселенің маңызын ескере отырып, «NEET-жастар» тақырыбы бойынша жан-жақты зерттеу жасалыпты. Қоғамдық даму министрлігі 18-29 жас аралығындағы NEET-жастарды, соның ішінде 2018 жылғы түлектерді де жұмыспен қамтудың және әлеуметтендірудің жол картасын қабылдау бойынша жұмыстар жүргізді.

Қоғамдық даму министрі Дархан Кәлетаевтың дерегінше, Батыс елдерде, Жапонияда NEET – жастардың еңбек нарығынан және білім алудан өз еркімен бас тартуын білдіреді. Жастардың қоғаммен үйлеспейтін мінез-құлыққа бейім тұруы, жылдам урбанизацияланған әлемнен қашуға әрекеттенуі байқалуда. Жастар өз орнын, өзін даралар бірегейлігін табуға ұмтылады, алайда қазіргі әлеуметтік құрылымда өздерін қолайлы сезіне бермейді. Осыдан өзіне-өзі қол салу (суицид), ерсі-девиантты мінез-құлық, әлеуметті терең жатсыну секілді проблемалар туындайды. Отбасы құндылықтарының бұзылуы орын алуда.

– Халықаралық еңбек ұйымының 2017 жылғы баяндамасында 20 жыл ішінде әлемдегі жастардың саны 139 млн адамға артқаны, ал жұмыспен қамтудың үлесі керісінше, 35 млн адамға кемігені көрсетілген, – деген Д.Кәлетаев жастардың жағдайы мен көңіл-күйлеріне жалпы алғанда, жұмыс орындарының тапшылығы әсер ететінін нықтады.

Әйткенмен, Қоғамдық даму министрінің айтуынша, жастарды жұмыспен қамтуда Қазақстанның жағдайы озық көрінеді. Әлеуметтендірудің ешбір тәсілдерімен қамтылмаған 14-тен 29 жасқа дейінгі жастардың үлесі 2001 жылғы 18,6 пайыздан 2018 жылғы II тоқсанда 7,7 пайызға дейін кеміпті. Алайда жіті көңіл бөлуді талап ететін бірқатар мәселелер бар.

NEET-жастарды әлеуметтендіру және жұмыспен қамту жөніндегі жол картасы 7 бірдей санаттағы қазақстандықтарды, нақтырақ тоқталсақ, асыраудағы адамдарды (иждивенцы), жас әйелдерді, өзін өзі жұмыспен қамтыған фрилансерлерді, ауыл жастарын, мүмкіндігі шектеулі адамдарды, аз қамтылған отбасылардан шыққандарды және жастардың бейәлеуметтік топтарын (бас бостандығынан айыру

орындарынан шыққан, есірткі және ішімдікке тәуелді, оңалтудан өтіп жатқандарды) қамтитын шаралардан тұрады.

Бұл ретте үш түрлі жас топтарындағы жастарды қамту жоспарланған. Біріншісі, яғни кіші жас тобына – 18-ден 22 жасқа дейінгілер, орта жастағы қосалқы топқа – 22-ден 24 жасқа дейінгілер, ересек жастағы қосалқы топқа 25-тен 29 жасқа дейінгілер жатады.

Жол картасы осылар арасында бірнеше бағытта кешенді жұмыс жүргізуді көздейді. Біріншіден, оларға кәсіптік бағдар берілмек. Бұл үшін кәсіпті таңдау бойынша жастарға арналған кеңес-консультациялық орталықтар құру, болашақта перспективті болар кәсіптерге жастарды бағдарлау үшін функционалдық шолулар өткізу қарастырылған.

Екіншіден, техникалық және кәсіптік білім беру ілгерілетіледі. Қосарлы-дуальды білімнің тиімділігін арттыру, инженерлік кадрларды дайындау үшін колледждерде құзыреттілік орталықтарын құру жоспарлануда.

Үшіншіден, жастарды мемлекеттік қолдау және дамыту шаралары туралы жан-жақты ақпараттандыру жүргізіледі. Бұл үшін жастардың еңбек нарығындағы сұраныс және ұсыныстың картасы түзіледі, бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру тәжірибесі жалғасады, ақпараттық науқандар мен қоғамдық тыңдауларды жүргізіледі.

Төртіншіден, жастар кәсіпкерлігі дамытылмақ. Осы мақсатта бизнес-жоспарын ұсынған жастардың жобаларын мемлекеттік гранттық қаржыландыру мәселесі енгізілмек.

Бесіншіден, қоғамдық ұйымдар өз беттерімен ілгерілетіп жатқан әскери-патриоттық тәрбиеге мемлекет мән береді. Жол картасы қолданыстағы Жастар ресурстық орталықтарының қызметтерін жетілдіру, жастардың тұрғын үй кооперативтерін құру, өңірлік тұрғын үй бағдарламаларын іске қосу арқылы өскелең ұрпақтың тұрғын үй мәселесін шешу, балаларын тастап кетуіне жол бермеу үшін жалғызбасты жас аналарға қолдау көрсетуге ерекше көңіл бөлу секілді басқа да бағыттар мен шаралардан құралған.

«Осының арқасында біз «Рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге ала отырып, жас ұрпақтың әлеуметтік шеттелуін қысқартуға ықпал ете аламыз» деп түйді Д.Кәлетаев.

[ҚазАқпарат](#)

Дата: 18.09.2018

Ссылка: [https://www.inform.kz/kz/kyzylordada-asarmen-salyngan-studenttik-zhatakhana-zhabyldy\\_a3395761](https://www.inform.kz/kz/kyzylordada-asarmen-salyngan-studenttik-zhatakhana-zhabyldy_a3395761)

### **Қызылордада асармен салынған студенттік жатақхана жабылды**

Анықталғандай, жатақхана 2007 жылы халықтың қаржысына салынған және осы уақытқа дейін құжаттары рәсімделмеген.

Заңсыз ғимаратты қоғамдық бақылау өкілдері, атап айтқанда, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті жанындағы мониторингтік топ анықтаған.

Облыста 9 оқу орнының жатақханасы бар. Мониторингтік топ олардың мақсатқа сай пайдаланылуын тексеріп шыққан.

«Жатақхана 2007 жылы асар әдісімен салынған. Осы кезеңге дейін құжаттары рәсімделмеген. Жатақханаға студенттер айына 1 800 теңгеден төлеп келген. Онда 3 штат қызметкері жұмыс жасаған», - деді агенттіктің Қызылорда облысы бойынша департаментінің баспасөз хатшысы Бағдат Әбдіқадыров.

Анықталған мән-жайлар бойынша облыстық білім басқармасына тиісті ұсыныстар жолданды. Колледж жатақханасының қызметі тоқтатылды.

[Қазақ газеттері](#)

Дата: 19.09.2018

Ссылка: <http://kazgazeta.kz/?p=73569>

### **Дархан Кәлетаев Қоғамдық кеңес жұмысына қатысты**

17 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму саласындағы Қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Кеңес жұмысына ҚР қоғамдық даму министрі Дархан Кәлетаев, Қоғамдық кеңес төрағасы Төлеутай Сүлейменов, ҚР Паламенті Мәжілісінің депутаты Серік Сейдуманов, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сарапшылар, министрліктің және комитеттердің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қатысты, — деп хабарлайды ҚР Қоғамдық даму министрлігінің Баспасөз қызметі.

Қоғамдық кеңес отырысында бірқатар өзекті мәселелер қаралды, атап айтқанда, министрліктің атауының өзгеруіне байланысты консультативтік-кеңесші органның атауы Қазақстан Республикасының қоғамдық даму саласындағы Қоғамдық кеңес болып өзгертілді. Сондай-



ақ, күн тәртібінде Кеңес құрамынан шыққан Қоғамдық кеңес мүшелерінің орнына сайлау өткізу және кейбір нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері қарастырылды.

Қоғамдық даму министрі Дархан Кәлетаев өз сөзінде Қоғамдық кеңестің мемлекеттік басқарудағы институт ретіндегі маңыздылығын атап өтіп, кеңес құрамын кеңейтуді ұсынды. Министрдің айтуынша, Министрлікке берілген қосымша өкілеттіліктерге байланысты, отбасылық саясат мәселелеріне сарапшылар тарту, диаспоралармен және басқа да жаңа бағыттар бойынша жұмыстарды жүзеге асыру қажеттілігі туындайды.

Дархан Кәлетаев Министрлік құрылымындағы өзгерістерге толығырақ тоқталды. Атап айтқанда, Қоғамдық жаңғырту департаментінің, Қоғамдық келісім, Жастар және отбасы істері комитетінің құрылғандығы туралы айтты. Бұдан бөлек, министр ведомствоға бағынысты ұйымдарға қатысты өзінің пікірімен және ұзақ мерзімді жоспарлары туралы ой бөлісті.

Кеңес барысында қатысушылар Кеңес құрамынан шыққан Қоғамдық кеңес мүшелерінің орнына, олардың қалған өкілеттілік мерзіміне сайлау өткізуді жариялау туралы шешім қабылдады және қарауға шығарылған нормативтік-құқықтық актілер талқыланды. Қоғамдық кеңестің шешімдері қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданды және арнайы хаттамамен бекітілді.

[syrboyi.kz](http://syrboyi.kz)

**Дата:** 19.09.2018

**Ссылка:** <http://www.syrboyi.kz/negizginews/24697-zhastar-kiel-kkshe-zherne-zhiyldy.html>

### **Жастар киелі Көкше жеріне жиылды**

Биыл "Жас Отан" жастар қанатының "Жастар-Отанға" саяси лагері Көкшетаудағы "Discovery Borovoe" демалыс аймағында өтті. Еліміздің 170-ке жуық белсенді жасы сұлу табиғат аясында ой сергітіп, идея алмасып, пайдалы демалыс ұйымдастырды. Көшбасшы жастардың басын қосқан лагердің ашылғанына биыл 10 жыл толған. Лагердің алғашқы күні жасотандықтар "Нұр Отан" партия төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаевпен кездесті.- Жастар Отанға" дегеніміз ең әуелі еліңді жақсы көру, мақтан тұту, ізденімпаздықпен білім алу. Бір игілік үшін жастардың жұдырықтай жұмылуы. Сондықтан кітап оқыңыздар, ойлы, белсенді көшбасшы болуға тырысыңыздар,- деді Мәулен Сағатханұлы. Кездесу аясында ол қатысушылар сауалына жауап беріп, әлемдегі, еліміздегі саяси ахуал туралы сөз

тарқатты. Сондай-ақ бес күнге жоспарланған лагерь аясында қатысушылар Парламент депутаттары Бекболат Тілеуханов, Геннадий Шиповских, Ұлттық аударма бюросының директоры Рауан Кенжеханұлы, халаралық гроссмейстер Дәрмен Сәдуақасов, журналистер Әйгерім Есенәлі, Әнуарбек Жәлел, Аралас жекпе-жек Федерациясының президенті Асылбек Дүйсенов, Киберспорт Федерациясының президенті Қасымбергбаев Бауыржан, Қазақстан барысы Ержан Шынкеевпен кездесті. Ал лагерь ұйымдастырушылары аймақ жастары бір-бірін жатсынбай, достасуы үшін бірнеше топ құрып, тренингтер, спорттық сайыстар, ойындар өткізіп, әр уақытты тиімді пайдаланды. Ал соңғы күні қатысушылар аңызға айналған киелі өңірдің Оқжетпесі мен Жұмбақтасына саяхаттап, Абылай хан аңғарын аралады. Жастардың ойын бір арнаға тоғыстырып, идея алмасуға мүмкіндік жасаған "Жастар - Отанға" саяси лагері аймақ белсенділерін біріктіріп, шабыт, мотивация сыйлағаны анық. Ұйымның негізгі мақсаты да осы болатын.

Айдана Жұмадинова

[gamshy.kz](http://www.gamshy.kz)

Дата: 19.09.2018

Ссылка: <http://www.gamshy.kz/article/qazaq-agrotexnykaliq-wnyversyteti-stwdentterge-qap-qap-tegin-kartop-taratti.html>

### Қазақ агротехникалық университеті студенттерге қап-қап тегін картоп таратты

"Еңбек етсең ерінбей,

Картопқа тояды қарның тіленбей"-деп студент жастардың арасында соңғы аптада "Картоп" қызу әңгімеге айналды.

Иә, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде ата-ана қамқорлығынан айырылған, жағдайы төмен отбасылардан шыққан студенттерге тегін картоп таратылды! Бұл дәстүрге айналып келе жатқан университет басшылығының студенттерге деген әлеуметтік қолдауы деп білеміз. Биылғы жылы картоп ерекше мол өнім берді. Студенттер ризашылығын білдіре отырып, қуаныштарын жасыра алмады.

Атап айтсақ, Білім ордамыздың ғалымдары бірнеше жылдан бері баптап, тәжірибелік жағдайда өсіріп келген өзіміздің картобымыз деп әр студент мақтана айта алады!

Шындығына келгенде Еліміздің ешбір ЖОО-ны, дәлірек айтқанда, оның ішінде аграрлық саладағы оқу орындары өз университетінде шығарылған өнімін студенттерге тегін таратпаған. Білім ордамыздың

барлық жастарының атынан университет басшылығына, профессор-оқытушыларына шексіз алғысымызды білдіреміз!

Ақылбек Данабекұлы

[zhaikpress.kz](http://zhaikpress.kz)

Дата: 19.09.2018

Ссылка: <http://zhaikpress.kz/kk/regionnews/zelenovta-xalykaralyk-zhastar-lageri-bastaldy>

### **Зеленовта халықаралық жастар лагері басталды**

Зеленов ауданында «Достықтың туын тіккен – Қазақстан» атты Қазақстан және Ресей мемлекеттері шекаралас аудандарының халықаралық 18 бен 35 жас аралығын қамтыған жастар лагері бастау алды. Көрші елден келген қонақтарды «Менің елім» монументі жанынан аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Манарбек Әжкенов күтіп алды.

- Ауданға қош келдіңіздер. Аудан Ресейдің бес облысымен шекаралас орналасқан. Күн өткен сайын аудан орталығы көркейіп келеді. Соның айқын айғағы – алдарыңыздағы «Менің елім» монументі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында бой көтерген монументтің биіктігі 14 метр. Жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен тұрғызылған монумент басына еркіндік қыраны – бүркіттің мүсіні қойылған, - деді Манарбек Малкенжарұлы.

Бұдан кейін меймандар аудан орталығында дене шынықтыру және сауықтыру кешені мен аудандық тарихи-өлкетану музейі сынды бірқатар нысандарда болды.

Нұрлыбек ҚЫДЫРҒАЛИҰЛЫ, Зеленов ауданы

[baq.kz](http://baq.kz)

Дата: 19.09.2018

Ссылка: [http://baq.kz/kk/news/sport/atirauda\\_kaspiei\\_mani\\_memleketteri\\_universitetterinin\\_vi\\_halikalik\\_sporttik\\_oiindari\\_otedi20180919\\_170000](http://baq.kz/kk/news/sport/atirauda_kaspiei_mani_memleketteri_universitetterinin_vi_halikalik_sporttik_oiindari_otedi20180919_170000)

### **Атырауда Каспий маңы мемлекеттерінің VI универсиадасы өтеді**

Универсиаданың салтанатты ашылуы 24 қыркүйекте Атырау мемлекеттік университетінің «Жайық» спорт кешенінде өтеді.

Аталмыш шараны Атырау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырады. 30 қыркүйекке дейін жалғасатын жарысқа 5 мемлекеттің 700 спортшысы қатысады.

Универсиада спорттың 10 түрінен жеңімпазды анықтайды. Студенттер баскетбол, жүзу, жеңіл атлетика, бокс, каратэ-до және т.б. университеттердің басқа өкілдерімен бәсекелесуге ниетті. Барлығы 400 медаль жиынтығы сарапқа салынатын болады.

"Қазақстан, Ресей, Иран және басқа елдердің жоғары оқу орындарының студенттері арасында осындай ірі спорт жарыстарын өткізу бүкіл Атырау облысы үшін үлкен мәртебе. Университеттен 170-тен астам спортшы қатысады. Біз олардың жеңісіне сенеміз және оларға сәттілік тілейміз, - деді Х.Досмұхамедов атындағы Атырау МУ баспасөз қызметінің басшысы Сағынбек Аронов.

Айта кетейік, универсиада 2000 жылдан бері өткізілуде. Алғашқы ойындар Астрахань қаласында өтті. Әртүрлі елдің спортшыларымен кездесу Каспий маңы мемлекеттері арасындағы байланыстарды нығайтуға, аралық достықты дамытуға, спортқа деген қызығушылықты арттыруға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

[baq.kz](http://baq.kz)

**Дата:** 19.09.2018

**Ссылка:** [http://baq.kz/kk/news/kogam/aktobede\\_studentter\\_zhatakhanasi\\_kobeidi20180919\\_172900](http://baq.kz/kk/news/kogam/aktobede_studentter_zhatakhanasi_kobeidi20180919_172900)

### **Ақтөбеде студенттер жатақханасы көбейді**

Биыл Елбасы «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Үндеуінде жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, студент жастарды жатақханамен қамтамасыз ету үшін 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салуды тапсырғаны белгілі. Осыған орайда елімізде жатақхана проблемасын шешу мақсатында біраз ілгерілеу байқалады. Бірақ бұл шаруа толық шешілуі үшін әлі көп жұмыс жасау керек. Алматыда студенттік жатақхана үшін бір жылдық төлем 30-135 мың теңге арасында. Ондай ақшаға да орын табылмай қиналып жүргендер көп. Ал аймақтарда студенттер жатақханамен қалай қамтылған? Бұл мәселеге жоғары оқу орындарының өкілдері не айтады? «Baq.kz» ақпараттық порталы еліміздің батыс өңіріндегі болашақ агломерациялық орталық Ақтөбе қаласындағы студенттердің әлеуметтік жағдайын сұрастырып көрді.

Ресми деректерге сүйенсек, қазір Ақтөбеде жоғары және арнаулы білім алып жатқан студенттер саны — 60 мыңға таяп қалды. Оның 30 мыңға жуығы қаладағы алты жоғары оқу орындарында оқиды. Қаладағы 44 колледжде 30 мың оқушы білім алуда. Арнаулы орта білім беретін оқу орындарында студенттік жатақхана салу күн тәртібінде, бұлардың 65 проценті ғана жатақханаға орналасқан. Қазіргі уақытта облыста

студенттерді жатақханамен қамту мәселесі тікелей облыс әкімінің бақылауында тұр. Облыс басшысы әрбір жиын сайын жауапты тұлғаларға берілген тапсырмаларды пысықтап, осы бағыттағы жұмысты қарқынды жүргізуін қадағалап отыр.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті аймақтағы ЖОО арасында студенттік контингенті ең көп оқу орны. Студенттерді құжаттандыру бөлімінің бастығы Інжу Камиева берген мәліметке сәйкес: күндізгі бөлімде 8370, сырттай бөлімде 4209 студент оқиды. Сондай ақ, магистранттар мен докторанттар, университет жанындағы колледждің шәкірттерін қосқанда он үш мыңнан астам болашақ мамандар білім алып жүр. Бұрын оқу ордасында 500 және 650 орындық екі студенттер үйі болатын. 2017 жылы Тәуелсіздік күні қарсаңында университет ауласында 500 орындық тоғыз қабатты «Жастар үйі» пайдалануға берілді. 2018-2019 оқу жылынан бастап күрделі жөндеуден өткен №3 студенттер үйі 350 алғашқы тұрғындарын қабылдады.

-Қазір университетте өзге өңірлерден, шет елдерден келген студенттер өте көп. «Серпін» бағдарламасымен оқып жатқан 699 студент бар. Олар түгелге жуық жатақханада тұрады. Қазір жатақханада тұруға сұраныс берген студенттердің өтініштері толығымен қанағаттандырылды. Университет қарамағында барлығы 2000 студентке арналған төрт жатақхана бар. 2017 жылы Елбасының үндеуіне сәйкес «Жастар үйі» салынды. Үшеуі бұрыннан бар. Бұл үш жатақханада барлық жағдай жасалған. Ғимараттары ескі болғанымен, үшеуі де жөндеуден өткен. Студенттер жатақханада тұрғаны үшін әзірше жылына 31420 теңге төлейді. Жетім балалар тегін тұрады, - дейді Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры Қарылғаш Төретайқызы.

Ақтөбе қаласында 1-2 бөлмелі пәтер жалдау құны ай сайын 50-200 мың теңге екенін ескеретін болсақ, мұндай қамқорлық студенттер үшін үлкен көмек.

АҚШ, Англия, Германия сияқты мемлекеттерде студенттік жатақханалар құрылысын кәсіпкерлер мен жеке компаниялар өз демеушілігімен салады екен. Мемлекет өз тарапынан салыққа жеңілдік жасайды. Мысалы, АҚШ-та жеке кәсіпкер мемлекеттен жер алып, жатақхана салады. Сосын құрылысқа жұмсаған шығынын студенттердің төлемақысы есебінен қайтарып алады. ҚР Президенті ұсынған мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында әлеуметтік ғимараттар салу туралы жобаның мәні де осы. Мемлекет те, кәсіпкер де, студенттер сияқты әлеуметтік топтар да мәз, бәрінің ұпайы түгел болады. Алдағы уақытта жоғары және арнаулы оқу орындары үшін салынатын жатақханалар құрылысы осы бағытта жүзеге аспақ.

Жатақхана - студенттің өз үйі. Студент болған соң жатақханаға жатып, студенттік шақтың қызығы мен қуанышын көргісі келеді.

Жатақхана өмірі күнде қайнаған тіршілік. Күнделікті сабағына да бірге дайындалып, танысып-білісетін рухани-мәдени орта. «Жастар үйі» тұрғындарының жағдайымен танысуға арнайы бардық. «Smart Home» үлгісінде жасалған жатақхана қонақ үйден кем емес. Су жаңа лифт жұмыс істеп тұр. 70 адамдық оқырмандар залы, мәдени шараларға арналған кең бөлме, буфет сутуденттер игілігіне берілген. Әр секцияда екі және үш адамдық бөлмелер, сондай-ақ дәретхана мен душ кабиналары бар. Асхана бөлмелері көп, ешқандай кезек жоқ. Тұрмыстық бөлмеде ондаған автомат кір жуғыш машиналар тізіліп тұр. Жуылған киімдерді кептіруге арналған бөлме бар. Киім үтіктейтін арнайы стол мен үтіктер сақадай сайланып тұр. Барлық қабаттар мен дәліздерде бейнебақылау жүйесі қойылған. Бір бөлме медпункт ретінде жабдықталған. Ем қабылдап жүрген студентке дәрі егу керек болса - университет емханасынан медбике келіп көмегін көрсетеді. Сырттан кірген студент құжатын турникетке жақындатқан сәтте вахтер алдындағы экраннан суретінен бастап барлық мәлімет көрініп тұрады. Университет әкімшілігі енді интернет пен Wi-Fi жүйесінің жылдамдығын көбейтуге жұмыстанып жатыр. «Smart Home» жүйесі бағдарламасын жыл сайын дамытып, жетілдіре беретін мүмкіндік мол. Мысалы, алдағы уақытта шатырда күн сәулесінен қуат алатын батареялар орнатып, электр энергиясын үнемдеуге болады.

Оқу мен демалыс үшін барынша қолайлы жағдай жасалған студенттен үлгілі тәртіп пен жақсы оқу ғана талап етіледі. Есік алдында футбол, волейбол, баскетбол алаңдары бар. Іргеде тұрған стадионда жүгіруге болады. Бұлшық еттерді шынықтырамын десеңіз - спорттық тренажерлар дайын. Оқу корпустары таяқ тастам жерде, жолға көк тиын шығармайсыз.

Университет басшылығы жатақханалардан орын бөлгенде факультет пен оқу корпусының жақындығын ескеруге тырысады. Бірінші кезекте әлеуметтік жеңілдігі бар студенттер, жетім балалар, көп балалы отбасы өкілдері, грантта оқитындар, алыстан және шет елден келгендер, оқу озаттары мен мәдени-қоғамдық шаралардың белсенділері артықшылыққа ие. Артылып қалған орындар да әділдік принципімен беріледі. Қазіргі уақытта арыз берген студенттер толық орын алды. Оқуда озат, тәртібі тап-тұйнақтай жоғары курс студенттері де өткен жылы тұрған бөлмелеріне қайта орналасты. Осы уақытқа дейін тәртіп бұзған, ерсі әрекеті үшін шығарылған ешкім болған жоқ. Студенттерге шағын теледидар мен тоңазытқыш кіргізуге де рұхсат бердік. Мезгілсіз уақытта көршілерінің сабақ оқуына кедергі жасамаса болды. Сессия уақытында ғана емес, оқу залында тәулік бойы сабаққа дайындалуға рұхсат, - дейді «Жастар үйінің» директоры Бейбітшілік Көбекқызы.

«Жастар үйінің» бірнеше қабатын аралап, студенттердің тұрмыс тіршілігімен таныстық. Бес жүз адам кіріп-шығып жүрсе де тып-тыныш. Жазуын жазып, кітабын оқып, киімдерін үтіктеп, әркім өз шаруасымен

жүр. Тоқсаныншы жылдарда күнде төбелес, айқай-шу, есік-терезе қирап жататын жатақханаларды көп көрген ата-аналар балаларынан хабар алуға келгенде өз көздеріне сенбей, жан-жағына тамсанып қарай береді екен. Университет ұжымы бұл жетістіктерді місе тұтпай, әрі қарай жетілдіруді ойлап отыр. Материалдық-техникалық базаның нығаюы, оқыту мен оқу сапасының өсуі, мемлекеттік бағдарламалар мен міндеттердің талабы тоқырауды ұнатпайды. «Еркін елдің ертеңі - кемел білім мен ғылымда» дейді мемлекет Президенті. Тиянақты білім алған жастар тәуелсіз мемлекеттің тірегі, ертеңгі күнге сеніммен аттанатын елшісі.

Айшуақ Дәрменұлы, Ақтөбе қаласы.

[zakon.kz](http://zakon.kz)

**Дата:** 19.09.2018

**Ссылка:** <https://www.zakon.kz/4937905-almatinskie-studenty-proveli-debaty-ot.html>

### **Алматинские студенты провели дебаты от имени правительства**

Участники дебатов поделились на шесть команды по два человека, в состав которой входили государственные служащие и студенты ВУЗа.

19 сентября 2018 г. Департаментом Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по г.Алматы проведены дебатные игры среди государственных служащих и студентов высших учебных заведений города Алматы.

Руководитель Департамента Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по г.Алматы Данияр Таумурат отметил, что одним из семи долгосрочных приоритетов Стратегической программы развития страны «Казахстан-2030», является профессиональное государство, задачей которого является создание для Казахстана эффективной, современной государственной службы и структуры управления, которая была бы оптимальной для рыночной экономики. Главой государства всегда уделялось повышенное внимание обеспечению качественного высокого уровня системы государственной службы.

Сегодня, одной из главных задач Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции является переход к инновационной государственной службе, достижение которой невозможно без высококвалифицированных и конкурентоспособных кадров.



Участники дебатов поделились на шесть команды по два человека, в состав которой входили государственные служащие и студенты ВУЗа. Обе стороны выступали от имени Правительства, каждая сторона выдвигала свою позицию, решения той или иной проблемы и пути решения ее. В ходе дебатов стороны выдвигали свои аргументы по поводу предложенного тезиса, пытаясь убедить жюри в своей правоте.

Оценивало выступления команд компетентное жюри, состоящее из опытных дебатеров города Алматы, а также представителя Департамента Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по городу Алматы и Управления внутренней политики г.Алматы. Жюри оценивало команд по критериям: аргументы, доказательность и полнота ответов на вопросы.

По итогам дебатов, особо отличившимся государственным служащим и студентам были вручены грамоты, а также сертификаты участника данного мероприятия.

[zonakz.net](http://zonakz.net)

**Дата:** 20.09.2018

**Ссылка:** <https://zonakz.net/2018/09/20/t35-mln-potratyat-na-razvitie-volonterskogo-dvizheniya-sredi-molodezhi-almatinskoj-oblasti/>

### **Т3,5 млн потратят на развитие волонтерского движения среди молодежи Алматинской области**

«На реализацию проекта по развитию волонтерского движения среди молодежи в рамках государственного социального заказа предусмотрено Т3,5 млн. Проект будет претворять в жизнь общественное объединение «Социально-волонтерский центр ДОС.kz» под руководством Ларисы Котельниковой», — сообщил в четверг руководитель областного управления по вопросам молодежной политики Ерлан Жакупов в четверг.

Практическая сторона проекта включает в себя проведение в районах и городах обучающих семинаров по молодежному волонтерскому движению, слета волонтеров области «Жетісу еріктілері».

«В результате реализации проекта самое главное – мы хотим повысить конкурентоспособность студентов высших учебных заведений. У нас зачастую 10-15% из числа студентов ведут активную общественную жизнь. Остальные просто проводят студенческие будни. А ведь согласитесь, что при трудоустройстве, так или иначе

работодатель смотрит на то, чем он кроме учебы занимался, будучи студентом. Волонтерство как раз-таки дает определенный опыт», — добавил Е.Жакупов.

[kazpravda.kz](http://kazpravda.kz)

**Дата:** 20.09.2018

**Ссылка:** <http://www.kazpravda.kz/rubric/obshchestvo/religioznaya-bezgramotnost-ostaetsya-odnoi-iz-problem-nashego-obshchestva--vitse-ministr-arin>

### **Религиозная безграмотность остается одной из проблем общества – вице-министр Арын**

Одной из проблем казахстанского общества продолжает оставаться религиозная безграмотность, которая влияет на общее духовное здоровье нации и сохранность базовых институтов, таких как семья и гражданское общество. Такое мнение выразил вице-министр общественного развития РК Берик Арын на республиканской конференции "Роль общественных институтов в вопросах профилактики религиозного экстремизма и терроризма".

"В Казахстане проживают представители более 100 этносов и 18 конфессий, поэтому современный, полиэтнический Казахстан - это наследник вековых духовных и культурных традиций. Мы стремимся обеспечить права граждан на свободу совести, создать благоприятные условия для работы зарегистрированных религиозных объединений. В то же время нас беспокоит ряд вызовов и угроз: это - ксенофобия, религиозный экстремизм и терроризм, с которыми столкнулся современный мир. В этих условиях для Казахстана важен поиск новых подходов для обеспечения общественной безопасности в стране", – сказал Арын.

Вице-министр подметил, что сегодня с усилением религиозности у некоторой части верующего населения стали появляться формы агрессии и религиозного радикализма, что в совокупности угрожает безопасности граждан и стабильности государства.

"В этой связи Елбасы в своем послании особо отметил, что государство и граждане должны единым фронтом выступить против всех форм и проявлений радикализма, экстремизма и терроризма. Министерство общественного развития вносит пакет поправок в закон по вопросам религиозной деятельности и религиозных объединений. Он призван установить правовые нормы, которые с одной стороны гарантируют защищать права граждан, а с другой -минимизировать возможность использования религии в экстремистских и деструктивных целях", – отметил Арын.

В то же время, он сообщил, что за 8 месяцев 2018 года ведомство проанализировало содержание более пяти тысяч интернет-ресурсов.

"Проведена экспертиза более 2,5 тысяч материалов, из них 1,5 тысячи получили отрицательное заключение", – проинформировал вице-министр.

Одной из проблем, по его словам, также является и религиозная безграмотность.

"Религиозная безграмотность - тоже одна из проблем нашего общества, которую нужно решать совместными усилиями, поскольку она влияет на общее духовное здоровье нации, сохранность таких базовых институтов, как семья и гражданское общество", – пояснил Арын.

Вице-министр не преминул отметить роль молодежи в данном вопросе.

"Большое внимание нам надо уделять молодежи. Деятельность в молодежных организациях должна быть направлена на повышение ответственности перед обществом, привитие общечеловеческих, общегуманных ценностей, получение навыков включения в современную жизнь. Тут особая роль отводится ветеранским организациям, которые могут воспитать высокий патриотизм у молодежи, рассказывая о подвигах нашего народа по защите отечества в разные периоды истории", – заключил Арын.

[vlast.kz](http://vlast.kz)

Дата: 20.09.2018

Ссылка: <https://vlast.kz/novosti/29530-kazahstanu-nuzen-novyj-podhod-v-obespecenii-obsestvennoj-bezopasnosti-mor.html>

### **Казахстану нужен новый подход в обеспечении общественной безопасности – МОР**

Это необходимо на фоне ряда вызовов и угроз, с которыми столкнулся современный мир

На фоне ряда вызовов и угроз, с которыми столкнулся современный мир, Казахстану нужен новый подход в обеспечении общественной безопасности, считает вице-министр общественного развития РК Берик Арын.

«В Казахстане проживают представители более 100 этносов и 18 конфессий, поэтому современный, полиэтнический Казахстан – это наследник вековых духовных и культурных традиций. Мы стремимся обеспечить права граждан на свободу совести, создать благоприятные условия для работы зарегистрированных религиозных объединений. В то же время нас беспокоит ряд вызовов и угроз – это ксенофобия,

религиозный экстремизм и терроризм, с которыми столкнулся современный мир. В этих условиях для Казахстана важен поиск новых подходов для обеспечения общественной безопасности в стране», - сказал Арын в четверг на республиканской конференции «Роль общественных институтов в вопросах профилактики религиозного экстремизма и терроризма».

Он отметил, что «с усилением религиозности у некоторой части верующего населения стали появляться формы агрессии и религиозного радикализма, что в совокупности угрожает безопасности граждан и стабильности государства».

Арын также напомнил, что министерство общественного развития разработало пакет поправок в закон «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», которые направлены как на защиту прав граждан, так и на минимизацию возможности использования религии в экстремистских и деструктивных целях.

По его информации, за 8 месяцев 2018 года министерство проанализировало содержание более 5 тыс. интернет-ресурсов, провело экспертизу более 2,5 тыс. материалов, из них 1,5 тыс. получили «отрицательное заключение». При этом одной из проблем казахстанского общества вице-министр назвал «религиозную безграмотность», которую «нужно решать совместными усилиями, поскольку она влияет на общее духовное здоровье нации, сохранность таких базовых институтов, как семья и гражданское общество».

«Большое внимание нам надо уделять молодежи. Деятельность в молодежных организациях должна быть направлена на повышение ответственности перед обществом, привитие общечеловеческих, общегуманных ценностей, получение навыков включения в современную жизнь. Тут особая роль отводится ветеранским организациям, которые могут воспитать высокий патриотизм у молодежи рассказывая о подвигах нашего народа по защите отечества в разные периоды нашей истории», - считает Арын.

[abai.kz](http://abai.kz)

**Дата:** 20.09.2018

**Ссылка:** <http://abai.kz/post/77298>

### **Жастар саясаты дегенді қалай түсінесіздер?**

Сәуле Әбілдаханқызы

Осы біздің елде "Жастар саясаты", "Жас отан" деген ұйым ба, басқарма ма, бірдеңелер бар иә?

Ал жастар идеологиясы бар ма???

"Ұлттық идеология" деп зар илегенімізге 30 жылдың жүзі болды. Жарайды, бүгінгі биліктің ұлттық идеология жасауға құлықтары жоқ екен, қазақ деген ұлттан қорқады екен, сауаттары жетпейді екен, білімсіз екен, біліксіз екен...

Ал енді жастар идеологиясын қалыптастыруға болар еді ғой, солай ма?

Біздің жастар - келер ұрпақ қандай идеологиямен тәрбиеленуде?

1. Мектеп, ЖОО былай қойғанда, балабақшадан пара беруге баланың да етін үйретеміз.

2. "Өмірдің мәні - байлық" деген түсінікті балабақшадан миына сіңіреміз. Адалдық, адамгершілік, достық туралы ертегіге балаларымыз да сенуден қалған...

3. Көретіні - жауыздық туралы, атыс-шабыс, өлтіру, қанын ағызу туралы мультиткер мен фильмдер.

4. "Бала құқығы" деген батыстың "заңы" пәле боп жабысты, ата-аналарын, ұстаздарын тепкілейтін, сотқа беретін ұрпақ келді.

5. Оқымай-ақ, еңбек етпей-ақ баюды мақсат ететін буын өсіп жетілді.

6. Интернет, интернет-клубтар, түнгі клубтар, ол жерлерде таратылатын "дәрілер" ұрпақты аздырып, тоздырып, түбіне жетіп жатыр...

7. Дін атын жамылған сан алуан ағымдар жастарымызды көкпар ғып өңгеріп, ту-талақайын шығарып, жан-жаққа жұлып әкетіп жатыр...

....Мұндай әлеуметтік, қоғамдық құлдыраулардың, жас ұрпақты түпсіз терең шыңырауға батырып жатқан құбылыстардың жүз түрін тізуге болады...

ФБ-да бір Шәнжархан Sanjar Kerimbaі бір институттың жұмысын бір өзі атқарып отыр. Соны көрер Білім министрлігі бар ма??? Соқыр, керең болмаса, Санжармен бірігіп жұмыс істеп, мектеп бағдарламасына оның мол қазынасынан қарпып алып, енгізер еді ғой...

Әй бірақ... Халық жауларына айттың не, айтпадың не?!...!

Сәуле Әбілдаханқызының facebook парақшасынан

[abai.kz](http://abai.kz)

**Дата:** 20.09.2018

**Ссылка:** <http://abai.kz/post/77335>

## **Елімізге Өзбекстаннан 12 мың талапкер оқуға келді**

2018 жыл – Қазақстанда Өзбекстан жылы. Өткен жылдың соңында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Өзбекстан президенті Шавкат Мирзияевпен өткізген шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздерден кейін осылай мәлімдеген еді. Екі ел арасындағы сауда

айналымы – 1,5 миллиард долларды құрайды. Осы жылы бұл көрсеткішті 5 миллиард доллар жеткізу көзделген. Осындай мүмкіндіктерді пайдаланып, Қазақстандағы ЖОО-ға түсуге ниет білдірген өзбекстандық талапкерлер саны биыл күрт көбейген, деп жазады Абай-ақпарат [turkystan.kz](http://turkystan.kz)-ке сілтеме жасап.

Жуырда Алматыдағы М.Тынышбаев атындағы көлік және коммуникация академиясында «Қазақстандағы Өзбекстан жылы» аясында Өзбекстаннан келген жастардың мәдени шарасы өтті. Өзбекстандағы республикалық қазақ мәдени орталығы ұйытқы болып отырған бұл шара Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен тікелей сабақтасып жатыр. 2017 жылы қазақстанның жоғары оқу орындарына келіп, оқуға түскен студенттер саны 1300 болса, биыл 12 мыңнан асып жығылды. Бір ғана Көлік және коммуникация академиясының өзіне 700-ге жуық талапкер қабылданған. Бұл – осы оқу орнына түскен студенттердің шамамен 40 пайызы. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Өзбекстандағы өкілі Клара Садырбаева Қазақстандағы жоғары оқу орындарының білім сапасы әлдеқайда жоғары, сонымен қатар төлем ақысының едәуір төмен екендігін алға тартты. Екі ел басшылары арнайы меморандумға қол қойғаннан кейін Өзбекстанның әр аймағында Қазақстанның білім күндері – семинар-көрмелер өткізілді. Бұрын да осы тектес көрмелер ұйымдастырылғанымен де өзбекстандықтар Қазақстан дипломының өзбек мекемелерінде жарамдылығына күмәнмен қарапты. Арнайы меморандумға қол қойылғаннан кейін ел толық сене бастаған. Клара Садырбаева биылғы топтың көп болуы қаржы мәселесіне де тікелей байланысты болғанын жасырмады. Оқуға қабылдану үшін өзбекстандық талапкерлер жыл сайын орташа есеппен 120 миллион сум қаржыны төлейді екен. Теңгеге шақсақ 6 миллионға жуықтап қалады. Сонымен қатар, өзбек білім беру мекемелері талапкерді арнайы емтихансыз оқуға қабылдайтын көрінеді. Ал біздің жоғары оқу орындары бөліп төлеуге мүмкіндік береді. Осының бәрін сараптап келгенде өзбекстандық жастарға қазақ елінде білім алу әлдеқайда тиімді болып отыр. Екі ел арасында осыған дейін де білім алмасулар болып жатты. Бірақ оның маңында түйіні тарқамаған түйткілдер көп болған. Жоғарыда айтып өткеніміздей Қазақстан дипломын Өзбекстан мекемелері жарамсыз деп тапқаннан кейін, ол түлектер Қазақстанға қайтадан келіп өз еңбек жолын бастаған.

«Қазақстанға оқуға қабылданып жатқандардың басым бөлігі қандастарымыз. Оларға мемлекет және оқу орындары тарапынан айтарлықтай жеңілдіктер қарастырылған. М.Тынышбаев атындағы көлік және коммуникация академиясына оқуға түскен барлық талапкер жатақханамен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, өзге оқу орындары да ректордың арнайы гранттары мен әлеуметтік жеңілдіктерін беріп отыр», – деді Клара Садырбаева. Екі елдің білім жүйесінің бір-біріне ұқсамайтындығы да Өзбекстан талапкеріне оңтайсыз екен. Мәселен,

Қазақстанда арнайы білім гранттарына конкурс аяқталғанда барып, Өзбекстан білім мекемелері түлектерге дипломдарын бере бастады. Онан бөлек құжат хаттамаларын толтыру мен жинақтау барысында біршама кедергілер туындайды дейді мамандар. Мемлекет басшыларының екі жақты меморандумға қол қоюы мұндай олқылықтарды болашақта түзейді деп үміттенеді білімқұмар жастар. Жыл өткен сайын Қазақстанда оқуға құмар өзбекстандық жастардың саны артып отыр. Келер жылы бұл көрсеткіштер тағы да еселенуі бек мүмкін.

[ҚазАқпарат](#)

**Дата:** 20.09.2018

**Ссылка:** [https://www.inform.kz/kz/almaty-oblysynda-english-for-jastar-zhobasy-bastau-aldy\\_a3397840](https://www.inform.kz/kz/almaty-oblysynda-english-for-jastar-zhobasy-bastau-aldy_a3397840)

### **Алматы облысында «English for Jastar» жобасы бастау алды**

«Нұр Отан» партиясының Алматы облыстық филиалы «English for Jastar» жобасын қолға алды. Жаңа бастама алғашқы кезеңде 500 оқушыны қамтымақ.

Бұл жоба аясында ағылшын тілін жетік білетін еріктілер мен ағылшын тілінде емін-еркін сөйлейтін шетелдік азаматтардан құрылған топтар оқушыларға мектеп бағдарламасынан тыс ағылшын тілін жетілдіруге ат салысады. Алматы облысында еріктілер Ақсу, Алакөл, Көксу, Қаратал, Кербұлақ және Панфилов аудандарына барып, 2-2,5 ай оқушылармен жұмыс істейтін болады. Атап айтқанда еркін форматта кездесулер ұйымдастырып, семинар-тренинг, пікір сайыстар өткізіп, жастардың ағылшын тілін меңгеруге бар күштерін салады.

Жаңа жобаның алғашқы дәрісі Көксу ауданындағы коворкинг орталығында өтті. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің 4-ші курс студенттері Балпық би ауылындағы Алдабергенов орта мектебінің жоғарғы сыныптарына сабақ жүргізді.

«Бұл жобаның ең тиімді жері - ауыл тұрғындарына қол жетімділігі», дейді «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Серік Нұрқадыров.

Партия өкілі: «Әрбір ата-ана баласының ағылшын тілін үйренгенін қалайды. Бірақ көбінің мүмкіндігі бола бермейді. Себебі көп жерлерде ағылшын тілі курстары ақылы. Сондықтан бұл жоба негізінен шалғайдағы ауыл тұрғындарына бағытталып отыр», - деді.



[baq.kz](http://baq.kz)

Дата: 20.09.2018

Ссылка: [http://baq.kz/kk/news/5\\_aleumettik\\_bastama/studentterdi\\_zhatakh\\_anaga\\_ornalastiruga\\_15\\_mlrд\\_tenge\\_bolinedi20180920\\_164700](http://baq.kz/kk/news/5_aleumettik_bastama/studentterdi_zhatakh_anaga_ornalastiruga_15_mlrд_tenge_bolinedi20180920_164700)

## Студенттерді жатақханаға орналастыруға 15 млрд теңге бөлінеді

Бес әлеуметтік бастаманың аясында студент жастардың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында Елбасы ҚР БҒМ 2022 жылға дейін кемінде 75 мың орынға жаңа студенттік жатақханалар құрылысын бастауды тапсырды. Осы мәселені шешу үшін ЖОО, колледждер, МЖӘ қағидаты бойынша девелоперлік компаниялардың жатақханалар салу жұмысын бастауды ұсынды.

Елбасы тапсырмасын орындау барысында министрлік жобаны іс жүзінде жүзеге асыруды бастау үшін белсенді дайындық жұмыстарын жүргізді. Қазіргі таңда қаржыландыру сұрақтары шешілді. Қолданысқа берілетін жатақханаларға мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін республикалық бюджеттің келесі үш жылдық кезеңіне арналған жобасына 15 млрд теңге қарастырылған. Студенттерді жатақханаларға орналастыруға арналған мемлекеттік тапсырысты орындау тәртібі бекітілді. Мемлекеттік тапсырысты орналастыру тәртібін реттейтін заңға тәуелді актілер әзірленді. Нормативті актілер жобаларын талқылау мүдделі мемлекеттік органдар, ҮЕҰ және бизнес қауымдастығы өкілдері қатысуымен өтті.

"ҚР Білім және ғылым министрінің «Студенттерді, магистранттарды және докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын бекіту туралы», «Студенттерді, магистранттарды және докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыстың мөлшерін анықтау әдістемесін бекіту туралы», «2019 жылға арналған студенттерді, магистранттарды және докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру туралы», «Мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты қызметтер көрсетудің Тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 1 тамыздағы № 350 бұйрығына толықтыру енгізу туралы» бұйрықтары мемлекеттік тіркелу рәсімінен өтті" - делінген министрлік таратқан мәліметте.

Бұл нормативті актілер бірінші рет ресми жарияланған уақыттан 10 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді (бұйрықтар мәтінімен «Қаржы орталығы» АҚ сайтында танысуға болады - [www.fincenter.kz](http://www.fincenter.kz)). ҚР БҒМ барлық мүдделі тараптарды жобаны іс жүзінде жүзеге асыру аясында белсенді ынтымақтастыққа шақырады. Студенттік жатақханаларды

салу бойынша оператор болып ҚР БҒМ «Қаржы орталығы» АҚ белгіленді.

[24.kz](http://24.kz)

**Дата:** 21.09.2018

**Ссылка:** <http://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/266413-almatyda-zhastar-arnal-an-memlekettik-ymet-mektebi-ashyldy>

### **Алматыда жастарға арналған мемлекеттік қызмет мектебі ашылды**

Аталған пилоттық жоба Президенттің «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көтерілген «Өзгерістерді өзіңнен баста» деп аталатын идея аясында жүзеге асып отыр.

Игі бастамаға ұйытқы болған Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті. Өзірге арнайы курстан өтуге қаладағы университеттерден отыздан астам студент таңдалған. Оқу үдерісі бірнеше кезеңге бөлінген. Болашақ мемлекеттік қызметкерлерге білікті оқушылар, танымал қоғам қайраткерлері мен саясаттанушылар дәріс оқитын болады. Жобаның басты мақсаты – кәсіби мемлекеттік қызметкерлердің аппаратын қалыптастыру.

Жарылқасын Сақтаған, студент:

- Бұл біз сияқты студенттерге өте керемет мүмкіндік деп ойлаймын. Бұл жерге келуіміздің басты себебі – мемлекеттік қызметтің қыр-сырын үйрену. Оның біз білмейтін қырлары өте көп қой.

Дәурен Бадамұратов, «Жастар үні» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

- Алдағы үш айда жастар оқиды. Содан кейін желтоқсанда тиісті сертификаттарын алады. Оқу нәтижесі бойынша оқуға қатысушылардың барлығы мемлекеттік қызметке тест тапсырады. Көпшілік бізде оқитындар бұл 4-курстың студенттері мен магистранттар.

## Болашақ – білімді ұрпақтың қолында

Жастардың еркін пікірі

«Қазақстан – 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын ақпараттық қолдау және түсіндіру аясында елімізде көптеген игі істер атқарылуда. Соған байланысты, Алматы қаласындағы Қазақстан қонақ үйінде ТМД мемлекеттері арасында халықаралық жастар форумы өтті.

ҚР Қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитеті, Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жастардың әлеуметтік және тұрақты даму қоры» Қоғамдық қоры ұйымдастырған форумның мақсаты – ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің жас көшбасшылары арасында байланыс сұхбат алаңын құру және мәдениетаралық диалогты қалыптастыру, жастар ұйымдары мен жас көшбасшыларды біріктіру болды.

Форум Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігі жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Асхат Ораловтың құттықтау сөзімен ашылды. Ресей Федерациясының Жастар ісі жөніндегі федералдық агенттіктің халықаралық бөлім басшысы Дмитрий Иванов, Қазақстан Республикасы Алматы қаласындағы Ресей Федерациясының Бас елшісі Сергей Семенов ТМД мемлекеттерінің жастарының болашағы жайлы өз ойларын ортаға салды. Алматы қаласы Жастар саясаты департаментінің басшысы Шыңғыс Бескемпіров жастар кәсіпкерлігін дамытуға баса назар аударды. Блогер, саяхатшы Алесксанда Цой туризм мен еріктілік тақырыбында сөз қозғады. Іс-шараның алғашқы күні Қазақстан – Ресей жастар ынтымақтастығының күніне арналады, оның шеңберінде тараптар жастар саясатын жүзеге асыру бойынша өзекті мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, Қазақстан және Ресей жастар ұйымдарының арасында меморандумға қол қойылды.

Форумның екінші күнінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жастар форумының ресми ашылуы өткізілді. Сонымен қатар ұлттық және шетел сарапшыларының қатысуымен «Заманауи туризмнің трендтері», «Волонтерлік өмір сүрудің бейнесі ретінде», «Жастар және бизнес», «Жастар ақпарат толқынында» тақырыптарында пікірталас алаңдарының жұмысы ұйымдастырылды.

Нұрлан ҚҰМАР

## Қалетаевтың ауылында оқушылар хиджаб кимейді

Жас Алаш сайтының ШҚО тілшісі Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫНЫҢ 8-ші қыркүйек күні «Тарбағатайда озат оқушылар орамал тағады» мақаласы жарық көрген еді. Осы мақалаға орай Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы әкімдігі facebook.com әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында жауап беріпті.

Мақала авторы Тұғыл ауылындағы Шоқан УӘЛИХАНОВ атындағы мектептегі жағдайды аудандық білім бөлімі басшысы Самал НАҒЫЗХАНҚЫЗЫНЫҢ сөзімен берген еді.

-Осыдан біраз күн бұрын ғана Тұғыл ауылындағы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектепке өзім барып келдім. Ол мектепте төрт отбасының мектеп жасындағы қыздары шаштарын жасырып, орамал тағып жүргені рас. Ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын жүргіздім. Төрт отбасындағы ата-аналар үш күн ішінде осыған қатысты түсініктеме беруге уәде берді. Ал енді, олардың киім үлгісі туралы айтсам, мектептің оқу стандартына сәйкес болмағанымен, хиджап киіп жүрген жоқ. Бірақ, басына таққандарын орамал емес, өздері «вондим» деп аталатын бас киім деп түсіндірді.

Жалпы мектептегі орамал мәселесі республикамыздың барлық облыстарында бар. Ол туралы БАҚ-да жиі жазылып та жүр. Кейбір сарапшылар бұл даудың артында «теріс діни ағымдардың» ықпалы бар десе, енді бірі діни ілімнің аздығынан ата-аналардың асыра сілтеушіліктері дейді.

Айтпақшы, Тарбағатайдағы Тұғыл ауылында бұрыңғы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің министрі Дархан ҚАЛЕТАЕВ дүниеге келген. Жуырда ғана Қоғамдық даму министрлігі болып ауысқан ведомства осы мәселемен тікелей айналысады. Сондықтан да біз де өз тарапымыздан Тұғылдағы жәйтқа алаңдағанымыз рас.

«Тарбағатай ауданы Тұғыл ауылындағы Ш.Уәлиханов орта мектебінде оқитын 6 оқушы қыз балалар 2018-2019 оқу жылының басында біріңғай мектеп формасы тәртібін бұзған болатын. Атап айтсақ аталмыш алты оқушы қыз бала мектеп формасын киіп, тек бастарына қысқа орамал тағып келген болатын (толықтай жабылған хиджаб кимеген). Аудан әкімдігінің басшылығымен аталмыш оқушылардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде ағымдағы жылдың 12 қыркүйегінен бастап толық мектеп формасына бағынуда. Оқушылардың бірыңғай мектеп формасына толықтай бағынып отырғаны туралы ақпарат (хабарлама, хаттама, фото есеп) тиісті құзіретті органдарға берілді», — деп хабарлады Тарбағатай әкімшілігі.

Жергілікті биліктің мәліметінше министр Қалетаевтың ауылында арнайы кесте құралған. Яғни әр аптаның сәрсенбі күні Тұғылға аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы мен ШҚО дін мәселелерін зерттеу орталығының теологы Нұрлан АБЖАНОВ намаз оқитын азаматтарға түсіндіру жұмыстарын жүргізеді екен.

[Егемен Қазақстан](#)

**Дата:** 22.09.2018

**Ссылка:** <https://egemen.kz/article/174850-maqtaaral-audanynda-zhasyl-el-zhastardynh-enhbek-zhasaqtary-zhumysyn-bastady>

### **Мақтаарал ауданында «Жасыл ел» жастардың еңбек жасақтары жұмысын бастады**

Мақтаарал ауданы жаңадан құрылып, дербес дами бастағандықтан, Мырзакент пен Атакент кенттерінде тұңғыш рет «Жасыл ел» жастардың еңбек жасақтары жұмыс жасай бастады, Мақтаарал ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен ауданымыздың студент және жұмыссыз жастарын қосымша жұмыспен қамту және қоғамдық, еңбек белсенділіктерін нығайтуды жүзеге асыру, жастар бойында азаматтық және отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында «Жасыл Ел» еңбек жасақтарын қалыптастырған болатын. Міне, жұмыс бастағандарына 1 айға жуық уақыт болған жастармен аудан әкімі Бақыт Асанов арнайы кездесу өткізіп, жасақтардың жұмыс барысымен танысты.

Өңір басшысы жаңадан құрылған ауданды көріктендіруге үлесін қосқандары үшін жастарға алғыс айтып, алдағы уақытта «Жасыл ел» еңбек жасақтарына жұмысқа алынатын жастардың санын көбейту керектігін атап өтті. Сондай-ақ, аудан орталығында жастардың дамуына қажетті әлеуметтік нысандарды, демалыс орындарын көптеп салу үшін жобалар жасалып жатқандығын айтты. Ол үшін аудан әкімі жастардың ұсынысын тыңдап, олардың талап-тілегіне құлақ салды.

